

#КүшімізБірлікте

Еркіндік деген ойыңа не келсе, соны айту емес. Кез келген демократиялық елдерде жалған ақпарат таратқан адам жасауға тартылады. Мен әрбір журналист, ең алдымен, мемлекетшіл азамат болуы керек деп санаймын.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

МӘСЕЛЕ



ОТАНДЫҚ ФАРМАЦЕВТИКА

ұлттық қауіпсіздік үшін маңызды

7

ОРАЗА-2022



РАМАЗАН – ТЫЙЫЛУ АЙЫ

11

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 30 наурыздағы мәлімет бойынша АЛМАТЫДА
I компонентпен

1 095 923

II компонентпен

1 073 604

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 30 наурыздағы мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА
I компонентпен – **9 453 237** адам,
II компонентпен **9 156 605** адам
вакцина салдырды.

Ревакциналанғандар саны –
3 242 647

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

31.03.2022

Түнде:



+1+3 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+12+14 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



**Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с**

1.04.2022

Түнде:



+4+6 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+17+19 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



**Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с**

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №33 (6168) 31 наурыз, бейсенбі, 2022 жыл.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЖОСПАР

мүлтіксіз және уақытылы орындалуға тиіс



Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Мемлекет басшысы жиынға қатысушылардың ұсыныстарын тыңдап, биылғы Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын тиімді жүзеге асыруға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

2

ӘКІМ

АЛМАТЫ – МӘДЕНИ АСТАНА

Һәм рухани құндылықтар ордасы



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

ҚЫСҚА...

- Түркі Академиясын Қазақстанда орналастыру шарты Сенат қарауына жіберілді.
- Мәжілісте биологиялық қауіпсіздік туралы заң жобасы мақұлданды.
- Алматыдағы ботаникалық бақта бәйшешек гүлдеп тұр.
- Елордада, Алматы және Шымкент қалаларында жұмыс істеп жүрген жастарға сатып алу құқығынсыз баспананы жалға беру бағдарламасы 2025 жылға дейін ұзартылады.
- Алматыда «ramadan2022.kz» арнайы мобильді сайты іске қосылды. Онда Оразаға қатысты барлық мәліметтерді алуға болады.

www.almaty-akshamy.kz



3

Кеше Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев зиялы қауым өкілдерімен кездесу өткізді. Ақын-жазушылардан бастап, ғалымдар мен өнер майталмандарына дейін жиналған қауым қаламыздың мәдени, әдеби өміріне қатысты түйткілді мәселелерді талқылады.



● ПРЕЗИДЕНТТІҢ САЯСИ РЕФОРМАЛАР ЖӨНІНДЕГІ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

САЯСИ РЕФОРМАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН БАҒЫТТАРЫ

1. Президент өкілеттілігін шектеу
2. Пропорционалды және мажоритарлы аралас сайлау жүйесін енгізу
3. Парламентті қалыптастыру тәртібі мен функцияларын қайта жасақтау
4. Мәслихаттардың рөлін күшейту
5. Саяси партияларды тіркеу процедурасын жеңілдету. Партиялық жүйенің мүмкіндіктерін кеңейту

6. Сайлау процесін жетілдіру
7. Сот жүйесінің тәуелсіздігі мен ашықтығы
8. Азаматтық қоғам институттары мен БАҚ өкілдерінің рөлін арттыру
9. Азаматтардың негізгі құқықтарын қорғау

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:



«Мен ең шешуші сәттерде елім үшін қолымнан келгеннің бәрін жасадым. Бұл – менің президенттік әрі перзенттік борышым».

(Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауынан, 16.03.2022).

#ЖаңаҚазақстан
#Жолдау2022



● #ЖОЛДАУ2022

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЖОСПАР
мүлтіксіз және уақытылы орындалуға тиіс

(Басы 1-бетте)

Ел Президенті ұсынған ауқымды саяси өзгерістер мен әлеуметтік-экономикалық шараларды іске асыру үшін Жалпыұлттық жоспар (ЖҰЖ) әзірленгені белгілі. Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жанару мен жаңғыру жолы» Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық жоспарлар жоспарының жобасы қаралған болатын. Жолдау бағдарларын іске асыру жөніндегі шаралар туралы тиісті Жарлыққа қол қойылып, маңызды құжаттың ережелерін іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспары бекітілді.

Президент Қаулысына орай Үкімет жалпыұлттық жоспар іс-шараларының мүлтіксіз және уақытылы орындалуын, Жолдау ережелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүйелі негізде жүргізуді қамтамасыз етуі тиіс.

Жалпыұлттық іс-шаралар жоспары 10 негізгі бағыт бойынша 36 тармақтан тұрады. Бұлардың барлығы – елдің саяси жүйесі мен әкімшілік-аумақтық құрылымын өзгертуге, дағдарысқа қарсы бірінші кезектегі шараларды қабылдауға бағдарланған.

Жалпыұлттық жоспардың бірінші кезектегі іс-шараларының қатарында

«Президенттің өкілеттіктері туралы», «Өкілді билік тармағын қайта құру», «Сайлау жүйесін жетілдіру», «Партиялық жүйе үшін мүмкіндіктерді кеңейту», «Сайлау процесін жаңғырту», «Құқық қорғау институттарын күшейту», «Бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және азаматтық қоғам институттарының рөлін нығайту», «Елдің әкімшілік-аумақтық құрылысын жетілдіру», «Жергілікті өзін-өзі басқаруды орталықсыздандыру» бағыттары қарастырылған. Маңызды бір бағыт ретінде қаржы жүйесінің орнықтылығын қамтамасыз етуге, инфляцияны бақылауға және төмендетуге, көлік-логистикалық тізбектердегі алшақтықты қысқартуға, сыртқы сауда қызметін қолдауға және ынталандыруға, экономика салаларын қолдауға және инвестициялар тартуға бағытталған Дағдарысқа қарсы шаралар жоспарының жобасы әзірленетін болады.

Үкімет басшысы мәлімдегендей, алдағы маңызды саяси реформаларды жүзеге асыру үшін Президенттің өкілеттігі, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің, мәслихаттардың, әкімдердің функциялары мен оларды құру тәртібі, саяси партия құру мәселелеріне қатысты конституциялық заңдар мен басқа да заңдарға өзгерістер енгізу қажет. ҚР заңнамасында әкімдер мен олардың орынбасарларына саяси партиялардың филиалдарында қызмет

атқаруға тыйым салынады, сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясының, Есеп комитетінің, Конституциялық кеңестің төрағалары мен мүшелерінің партиядан міндетті түрде шығуы туралы ереже енгізіледі. Сондай-ақ, Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының бағыттарының бірі бойынша Қазақстан Республикасының Конституциялық сотын құру, жазаның бір түрі ретінде өлім жазасын Конституциядан алып тастау, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметін және оның Конституциялық сотқа жүгіну құқығын конституциялық регламенттеу мен кепілдігін қамтамасыз ету жоспарлануда. ЖҰЖ-ның оныншы бағыты аясында қаржы жүйесінің орнықтылығын қамтамасыз етуге, инфляцияны бақылауға және төмендетуге, көлік-логистикалық тізбектердегі алшақтықты қысқартуға, сыртқы сауда қызметін қолдауға және ынталандыруға, экономика салаларын қолдауға және инвестициялар тартуға бағытталған Дағдарысқа қарсы шаралар жоспарының жобасы әзірленетін болады. Әлихан Смайылов Жалпыұлттық жоспарды орындауға дереу кірісу қажеттігіне тоқталып, ондағы әрбір іс-шараның сапалы және уақытылы орындалуына бірінші басшылар тікелей жауапты екенін ескертті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: primeminister.kz).

● ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ШҰҒЫЛ ШАРАЛАР
ҚОЛҒА АЛЫНАДЫ

Мемлекет басшысы қаржы-экономикалық мәселелер жөнінде кеңес өткізді

Ақорда резиденциясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен қаржы-экономика саласындағы мейлінше өзекті мәселелер жөнінде кеңес өтті.

Мемлекет басшысы әлемдегі геосаяси жағдайдың құбылмалы болуы біздің экономикамызға айтарлықтай әсер еткенін атап өтіп, мемлекеттік органдардың үйлесімді әрі тиімді жұмыс істеуі қажет екенін айтты.

– Жағдай күн сайын өзгеруде, өте құбылмалы кезең. Сондықтан біз барлық сын-қатер мен мүмкіндікті нақты әрі тез анықтап, әр қадамымызды нық басуымыз керек. Қабылданатын шешімдер барынша салмақты болғаны жөн. Бірақ созбалаңға салмай, шұғыл шараларды қолға алуымыз керек. Қағзастылыққа жол бермеу қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиын барысында Премьер-Министр Әлихан Смайылов экономиканың қазіргі жағдайы мен оның дамуына қатысты болжамдар туралы баяндады. Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматов қазіргі уақытта жүргізіліп жатқан ақша-кредит саясаты жөнінде есеп берді. Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерулан Жамаубаев 2022 жылға арналған республикалық бюджеттің нақты параметрлері жайында мәлімет берді.

Сонымен қатар, іс-шарада бюджет шығындарын оңтайландыру, көктемгі егіс науқанына дайындық барысы, экспорт саясатын дамыту, инвестиция тарту және көлік логистикасын жетілдіру, сондай-ақ Халықтың табысын арттыру бағдарламасын жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Кеңес қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы Үкімет пен Президент Әкімшілігіне еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелеріне қатысты бірқатар тапсырма берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ АССАМБЛЕЯ–30!

Биыл Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясының (ТМД ПАА) құрылғанына 30 жыл толып отыр. Осыған орай, Алматыда Ұйым Кеңесінің салтанатты басқосуы өтті.

Рая
ЕСКЕНДІР

Салтанатты жиын мәртебелі меймандардың 28 панфиловшылар ескерткішіне гүл қойып, тағзым етуімен басталды. Одан кейін «Достық үйінде» басқосудың ресми бөлімі басталды. Басқосуды ТМД ПАА Кеңесінің төрағасы, Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысы Федерациясының Төрайымы Валентина Матвиенко ашып, жүргізіп отырды. Ол өз сөзінде аса жоғары деңгейде аталмыш шараны ұйымдастырып отырғаны үшін Қазақстан Парламентіне, Алматы қаласы әкіміне шынайы алғысын білдірді.

«Бүгінгі таңда біздің басты назарымызда ТМД ПАА-ның 30 жылдығы мен тиісті мәлімдемелерін қабылдауы дер едім. Осынау айтулы оқиға аясында естелік пошта маркасының шығарылып, ендігі жерде поштаның бір бөлігіне айналмақшы. Сондай-ақ, ол маркалар бүгін сіздердің алдарыңыздағы үстелден орын алып, өз кезегінде біздің парламенттік қоғамдастықтың бір дәстүріне ай-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

налды. Мен сіздерге осынау естелікті бірлескен жұмысымыздың белгісі ретінде ұсынамын», – деді Валентина Матвиенко.

Келесі кезекте сөз алған ҚР Парламенті Сенатының спикері Мәулен Әшімбаев Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ТМД ПАА Кеңесінің мерейтойлық отырысына қатысушыларға арнаған құттықтау хатын оқып берді.

Мемлекет басшысы осыдан 30 жыл бұрын Алматыда Парламентаралық Ассамблеяны құру туралы тарихи келісімге қол қойға-

нын еске алып, бірегей институттың Достастық кеңістігіндегі көпжақты ынтымақтастық жүйесінде ерекше рөл атқара бастағанына тоқталды. «Ассамблея ұлттық заңнаманы жетілдіруге, демократия мен азаматтық қоғамды дамытуға зор үлес қосуда. Парламентарийлердің ТМД елдеріндегі сайлау процестерінің тәжірибесін жетілдіруге, азаматтарымыздың сайлау құқықтарын қамтамасыз етуге белсенді қатысуы жоғары бағаға лайық», – деп атап өткен.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы парла-

ментаралық диалог экономикалық, әлеуметтік және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты кеңейтуге ықпал ететінін, қазіргі заманғы қауіпсіздік сын-қатерлері мен қауіп-қатерлеріне қарсы тұрудың шарттық-құқықтық базасын құруға зор үлес қосып отырғанына да тоқтала келе: «Бірлескен заң шығару жұмыстары тұрақты даму, цифрландырудың қазіргі жаһандық күн тәртібі аясында жана мәселелерді шешудің теңгерімді тәсілдерін әзірлеуге мүмкіндік береді. Қазақстан Ассамблеяның көпқырлы қызметін, ТМД төрағасы және оның негізін қалаушылардың бірі ретінде Ассамблеяның жан-жақты қызметін қолдайды. ПАА осы бірегей және пайдалы институтты жан-жақты нығайтуға жан-жақты үлес қосуға ниетті», – деп атап көрсетті.

ТМД елдерінің ПАА парламенттік делегациялары қатарында Әзербайжан, Армения, Беларусь, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан республикаларының мемлекет қайраткерлері сөз алды. Кездесуде ТМД елдері ПАА президенттерінің құттықтауларына да кезек берілді.

Айта кетерлік жайт, Алматыда 1992 жылы 27 наурызда Қазақстан, Армения, Беларусь, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан парламенттерінің төрағалары ТМД ПАА құру туралы келісімге қол қойып, кейін олардың қатарына Әзербайжан мен Молдова парламентшілері қосылды. Осы жылдар ішінде Ассамблея Достастық елдері парламентшілерінің өзара іс-қимылының, саяси, әлеуметтік-экономикалық және басқа да ортақ мүдделі мәселелерді талқылаудың негізгі алаңына айналды.



ӘКІМ

АЛМАТЫ – МӘДЕНИ АСТАНА

Һәм рухани құндылықтар ордасы

Динара
МҰРАТ

(Басы 1-бетте)

Шаһар басшысы кездесуге қатысушыларға Қазақстан Республикасының мәдениетіне қосқан үлестері үшін алғысын білдірді және шығармашылық зиялы қауымның жастарды адамгершілікке тәрбиелеудегі және олардың бойында өнер мен әдебиет арқылы қоғамның жоғары рухани құндылықтарын сіңірудегі ерекше рөлі мен маңызын атап өтті.

Қала басшысы Алматы – еліміздің мәдени астанасы болғандықтан, қаламыздың көкейкесті мәселелерін ең алдымен зиялы қауыммен кездесуде талқыға салуды жөн көргенін жеткізді.

«Бүгін өздеріңізбен жүздесіп отырғаныма қуаныштымын. Алматының еліміздегі орны ерекше. Алматы – тәуелсіздігіміздің алтын бесігі, еліміздің өнер мен мәдениетінің қара шаңырағы. Ел басшысының маған берген тапсырмасына сәйкес, алда Алматыны жан-жақты дамыту мәселесі тұр. Ол үшін алдымен қаланы ішкінен тану қажет, сол себепті сіздермен кездесудің өзектілігі туындады. Бірін бірден шешеміз деу артық болар, бірақ жылдың соңына дейін бірлесіп отырып, біраз мәселенің бетін ашамыз деген ойдымын», – деді қала әкімі.

Мәдениет қайраткерлері қоғамдағы өзекті мәселелерге, оның ішінде өнер мен сәулеттің даму деңгейіне қатысты өз пікірлерін білдіріп, бірқатар бастамаларды да ұсынды. Атақты ақын, жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов мұндай кездесулер бір әкімнің ғана бас ауруы емес, жалпы еліміздің мәдениетін дамытудағы қажеттілік екенін алға тартты.

«Бүгін біздің жаңа әкіммен бірінші кездесуіміз. Алматы – еліміздің мәдени астанасы болып қала бермек. Зиялы қауымның барлығы осында өніп-өсті, шығармашылықпен айналысты. Бұрынғы басшылар бізбен сирек



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

кездесетін, бұл олардың үлкен қателігі деп білемін. Ерболат Досаевтың бүгінгі жиында ұйымдастыруы – оң қадам. Өйткені, кездесу бір әкімге ғана емес, күллі еліміздің мәдени өмірінде маңызды оқиға. Мен мұндай бастаманы барынша қолдаймын. Жалпы, мәдениет дегеннің жасы мен мерзімі болмайды, ол бар болады немесе жоқ болады. Ал Алматыда «мәдениет» бар, осы жолымыздан таймасқа болды», – деді ақын.

КСРО және Қазақстанның Халық әртісі Асанәлі Әшімов мәдениеттің халық өміріндегі маңызына тоқталып, мұндай жиындардың жиі ұйымдастырылуын өтінді.

«Бүгін бір жақсы себеппен мәдениет адамдарының басы қосылып, ақылдасуға мүмкіндік берілді. Мұндай жиындар жиі болса жақсы болар еді. Мәдениет, әдебиет – елдің көркі. Елдің елдігін таныстыратын, елді ел қылатын – мәдениет. Оның шет жазғасын талай елге барғанда көріп жүріміз. Сондықтан шетке шығатын өнер, әсіресе, кино өнерінің міндеті – елдің тарихын, мәдениетін, сұлулығын жеткізу. Алматы қаласымың жасаған, еліміздегі бас қала. Мен өз

басым он жеті жасымынан осы Алматыдамын. Астанаға талай шақырды, бірақ Алматымды қимадым. Ғұмырым осында өтті. Біз сусындаған мәдениетті кейінгі жастарға беруіміз – біздің міндетіміз. Бұл салада мәселелер жетерлік», – деді А.Әшімов.

Ал белгілі жазушы Дулат Исабеков алматылық мәдениет арқылы еліміздің рухани құндылығын шетелдерге таратудың нақты бір жобасын құрастыру қажеттілігін, оның жолдарын егжей-тегжейлі саралаудың маңызына тоқталды.

«Қазақ халқының руханияты – әдебиеті мен мәдениетін, өнері мен сәулетін өзге елдерге дұрыс жағынан таратудың нақты бір бағдарламасын жасап көрсек деймін. Сәл мәдениет әлеміне қолдау көрсетсек тағы да болмайды. Бізде қазақта жаман әдет бар, жақсы нәрсе өзі танылып кетеді деген. Ондай болмайды. Шетелдіктер бізге келіп: «сіздерде қандай шығарма, өнер бар» деп сұрамайды. Жапондықтар, мысалы, кітапты тегін шығарып, дүние жүзіне таратады. Ал біз 15 жазушы бір кітап шығарамыз, том-томдап. Оны кім оқысын?! Тағы бір үлкен

кемішілік – аударма мәселесі. Өте қиын мәселе. Осының бәрін ашығынан айту керек, кеметік тұстарды көтеру керек», – деді жазушы.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының президенті Мұрат Жұрыңұлы Алматының экономикалық әлеуетін ең алдымен өнеркәсіп орындар ашу, шағын және орта бизнесті қолдау арқылы арттыруды сөз етті.

«Қалаға байланысты ойымды айтайын. Экономиканы жөндеу керек. Біріншіден, жұмыссыздықты жою керек. Кедейшіліктің алдын алу керек. Осы екі мәселе жойылмаса, халықтың көңілі орнына келуі қиын. Мысалы, Алматы 5-6 миллион халықты асырауға шамасы бар. Жеріміз бен мүмкіндіктеріміз жетерлік. Біз осы уақытқа дейін не болса да, бәрін шикізат күйінде сатамыз, өзіміз шығаратын өнім жоқ. Жаңа өндіріс орындарын көптеп салсақ, өндіріс тауардың бағасы өспек, одан кіріс көбейеді. Жаңа жұмыс орындары пайда болады. Нәтижесінде жұмыссыздық мәселесі шешіліп, кедейшілік жойылады. Қаржы саласын өзіңіздей ешкім біле бермейтін шығар, енді бар біліміңізді Алматының экономикасын көркейтуге жұмсайтын уақыт келді, оған шамаңыз жетеді деген сенімдемін», – деді Мұрат Жұрыңұлы.

Ерболат Досаев қала әкімшілігінің алдағы уақытта да шығармашылық жобаларды жүзеге асыруға көмектесуге дайын екенін жеткізді. Өткен жылы қала әкімдігі 130-дан астам автордың еңбектерін жарыққа шығаруға ықпал еткен болатын. **«Алматы еліміздің мәдени орталығы мәртебесін бұрынғыдай сақтап қалады. Сондықтан біз қала тұрғындары мен қонақтары үшін бірқатар мәдени шараларды жоспарлап, Алматыны шынайы мәдени орталыққа айналдыратын боламыз. Биыл санитарлық-эпидемиологиялық шектеулер жеңілдетілгеннен кейін Алматыда дәстүрлі фестивальдер мен концерттер, ақындардың шығармашылық байқаулары – айтыс және басқа да ауқымды және бұқаралық іс-шаралар қайтадан өтеді»,** – деді қала әкімі.

Коронавирустық пандемияға байланысты қысқа үзілістен соң қалада заманауи этникалық музыканың халықаралық фестивалі The Spirit of Tengri және Uly Dala – көшпенділер әлемін, балалардың «Бозторғай» және джаз музыкасы фестивальдерін, ақындардың шығармашылық байқауларын – айтыс, «Гэкку дауысы» концертін және тағы басқа да мәдени шараларды өткізу жоспарлануда.

ЖҮЗДЕСУ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің базасында ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Бейбіт Исабаев, Нұртөре Жүсіп, Ақылбек Күрішбаев алматылық студент-жастармен кездесті.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Іс-шараға ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев, оқытушы-профессорлар, журналистер, т.б. қатысты. Жиында Президенттің «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауына орай, әлеуметтік-саяси өзгерістер мен мемлекеттік тілде іс-қағаздар жүргізу сынды бірқатар тақырыптар көтерілді. Қойылған сұрақтарға орай халықтың әл-ауқатын дамыту, жастардың жоғары билік орындарына қызметке орналасуы, қоғам өміріне белсене араласу жайы да әңгіме өзегіне айналды.

Бейбіт ИСАБАЕВ,
Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым
комитетінің төрағасы:

ЖАҢАРУДЫ ӘРКІМ ӨЗІНЕН БАСТАУЫ КЕРЕК

Мемлекет басшысы халыққа Жолдаулары мен сөздерінде үнемі саяси реформаларды сәтті жүзеге асырсақ, нәтижесінде әлеуметтік-экономикалық ахуал оңалатынын айтып келеді. Бірі осыған байланысты екендігіне баса назар аударып жүр. Осы тұрғыдан алғанда барша құрылым өкілдері, қала берді жаңаруды әркім өзінен бастауы керек. Негізінен, мемлекеттік басқару жүйесі өзгеруде. Сонымен бірге, «Мықты президент, ықпалды парламент, есеп беретін үкімет» деген бастама айтылды. Бір нәрсені ашық айтқанымыз абзал. Кез келген ортада бәсекелестікті қалыптастыруымыз керек. Ол мейлі экономика, саясат, бизнесте болсын. Ал бәсекелестік болмаған жерде прогрестік өсу орнамайды. Осы болмағаннан кейін қазынаға түсетін қаржылар жеке бір адамдардың қалтасына құйылғанын байқадық. Арғы жағы бәріне мәлім. Ең негізгісі, жемқорлықты жою қажет. Жемқорлық жойылмай, алға жылжу болмасы анық. Осындай тежеулер жаңа жұмыс орындарын ашып, орта және шағын кәсіптің өркендеуіне тұсау болды. Біз «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі» дейміз, ал қалталылар әлеуметке қарайласудың орнына, қалтасын ойлап кетті. Осы жағдаяттар тұрмыстың төмендеуіне душар етті. Оның ішінде білікті, дипломы бар жалпы жастардың жұмыссыздығына алып келді.

Болашақ жастардың қолында. Сол үшін сапалы білім маңызды. Сондықтан жастарға айтарым, ілім жинап, білгір маман атаныңыздар. Сонда ғана жарқын болашаққа бой түзейсіздер. Еліміздің ертеңі жарық болсын!

Нұртөре ЖҮСІП,
Әлеуметтік-мәдени даму және
ғылым комитетінің мүшесі:

ҚАЗАҚЫ РУХТА БОЛАЙЫҚ

Біздің студенттік шағымызда Кабижан Құсайынов деген ұстазымыз болды. Сол кісі бізге қарап бір ойды жиі айтушы еді. Сонда: «сендердің мұржаларың қисық болса да, түтіндерің түзу» дейтін. Әрқайсымыздың елдік, ұлтжандылық, ұлтшылдық бағытта болуымызға берген бағасы болды деп түсінеміз. Біздің ойымызша, мықты Қазақстан, күшті қазақ қоғамы, әділеттілік орнату үшін баршамыз бірге атсалысуымыз қажет. Шын мәнінде, сырттан келіп ешкім жұмақ орнатпайды. Бүгінгі кездесудің жөні бөлек. Бұған дейін пандемия жағдайына байланысты үлкен форматтағы жиындар шегерілген еді. Аяқ аттап бір-бірімізге бара алмадық. Көбісіміз көрісіп, жүздесуге жетпедік. Осындай уақытта, көктем шуағында жолығып отырғанымыз бір ғанибет.

Жаһандану жағдайына түсіп кеттік. Анаған да, мынаған да еліктейміз. Жылтыр дүниеге құмармыз. Анау да, мынау да болғымыз келеді. Бірақ неге екені белгісіз, қазақ болуға күштарлық аз. Қазақтың қалыбымен атаның салтымен жүру керек, өзіміздің ғаламат жолымыз бар. Осындай азат еліміз, бұл – қазақтың елі деп, алшаң басып, кеудені намыс кернеп, әсіресе жас ұрпақ қазақ болғанына мақтанатын кезге келу ауадай қажет. Біздің ұлттық рухымыз қайта тірілуі керек. Шуақты күндерде, дамыған бақатты елде басымыз қосыла бергей!

Ақылбек КҮРІШБАЕВ,
Аграрлық мәселелер,
табиғатты пайдалану және
ауылдық аумақтарды
дамыту комитетінің
хатшысы:

АЙБЫНЫМЫЗ АСҚАҚТАРЫНА СЕНЕМІЗ

Жастармен жүздесіп отырғанымызға қуаныштымыз. Университеттердің дамығаны, студенттердің білім алғаны маңызды. Кезінде өзіміз де осы салада істеп, басшы болдық. Америка Құрама Штаттарында өте маңызды сөз бар. Дәлірек «Ректор – болашақтың адамы» дейді. Өйткені, көп нәрсе бірінші басшыға байланысты. Әрбір істің алға жылжуы мен өркендеуін жеме-жемге келгенде басшы шешеді. Сол себепті, жоғары оқу орнының флағманы жоғары деңгейде дамуы керек. Әріптестеріміз айтқандай, ең маңыздысы – сапалы білім.

Біздің жер асты, үсті байлығымыз – молшылық. Оны тиімді пайдалана алсақ ілгерілейміз. Өзім аграрлық сала өкілімін. Қазір Біріккен Ұлттар Ұйымы Қазақ елінің аграрлық әлеуетін жоғары санайды. Өйткені, оған барлық негіз бар. Оны айтып өттім де. Менің еш күмәнім жоқ. Тек адами капиталды реттеп, дұрыс бағытқа бұрылуымыз керек.

Болашақта Қазақстан айбынды мемлекетке айналады.



ЖИЫН

«Батыр
өз ортасының
көшбасшысы еді»Досбол
АТАЖАН

Алматы жұртшылығы белгілі журналист әрі медиаменеджер Батыр Қазыбаевты соңғы сапарына шығарып салды.

Қаралы жиынға Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, Ақпарат және қоғамдық даму министрі Асқар Омаров, Tap Media Group директоры Арманжан Байтасов, экономист әрі саясаткер Оразалы Сәбден және өзге де белгілі тұлғалар мен журналистер қатысты.

Шара барысында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың, Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың және өзге де билік өкілдерінің көңіл айту жеделхаттары оқылды.

«Батырдың қаза болғаны туралы хабар жүрегіме қатты батты. Біз Батырмен бірге талай қиыншылық пен қуанышты бірге бөлістік. Әріптес, дос-жарандарының бәрі оны таза әрі кең жүректі адам ретінде таниды. Батырды өз ортасының көшбасшысы, әрқашан болашаққа қарайтын инноватор ретінде біледі. Оның өмірі жарқын болды. Жарқ етіп, жұлдыздай ерте сөнгендігі де сондықтан болар. Батыр әрқашан маған бауыр болып қала береді. Оның жақындары мен туыстарының қайғысына ортақпын», – деді Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев.

Батыр Қазыбаев – белгілі журналист әрі жазушы, көп жыл бойы облыстық және республикалық газеттердің редакцияларында басшылық лауазымдарда қызмет атқарған. Ол 10 жылдан астам уақыт ішінде Tengrinews.kz, Vesti.kz, Massaget.kz ақпараттық порталдары кіретін медиахолдингі, «Жұлдыз FM» радиостанциясын, «Ретро FM», Қазақстан, СТВ телеарнасын басқарды, «Жетінші арна» негізін қалады.

БАСПАНА

Алматылықтарға
қолжетімдіРая
ЕСКЕНДІР

«Отбасы банк» АҚ «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Шаңырақ» бағыты бойынша Алматы қаласы әкімшілігінің несиелік тұрғын үй кезегінде тұрғандар үшін броньдауды өткізді.

Алматыдағы несиелік тұрғын үйлер («Нұрлы дала» ТК және Наурызбай ауданындағы «Алма Сити 5» ТК, Алатау ауданындағы «Мәдениет» шағынауданы) Алматы қаласының Жайлы қалалық орта басқармасы салған және заңнамаға сәйкес тек Алматы қаласында кезекте тұрғандарға арналған.

Өткен жылы, яғни 2021 жылғы 28 қазанда Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне аталған азаматтардың Алматы қаласы әкімдігінің несиелік тұрғын үй сатып алу

заңдылығын түсіндіру жөнінде сұрау салған болатын. Министрліктегілер кезекте тұрғандар несиелік тұрғын үйді тіркелген жері бойынша ғана ала алатынын растады.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 67-бабына сәйкес коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй осы елдімекенде есепте тұрған азаматтарға ғана пайдалануға беріледі. Бүгінде Алматы қаласы әкімдігінің несиелік тұрғын үй кезегінде 33 059 адам тұр.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



Суретті түсірген Самат ҚУСАЙЫНОВ

Алматы қаласында қатты дауыл тұрып, арты нөсерге ұласты. Салдарынан шаһарда ағаштар құлап, үйлердің шатыры ұшқан. Қалың көлік кептелісі қалыптасып, бірнеше көлікке зақым келді. Екпіні күшті дауыл тіпті әуежайдағы ұшақты орнынан жылжытып жіберген.

Қаламызда орын алған жағдайларға байланысты, Жасыл экономика басқармасының мамандары мен ғылыми қызметкерлер ағаштардың құлау себептері мен қабылданған шаралар туралы айтып береді.

«Біз қаламыздағы ағаштарға мониторинг жүргізіп, олардың жағдайын әрқашан біліп отырамыз. Қазіргі уақытта Алматыда 2,8 млн ағаш болса, оның 84,6 мыңы – апатты жағдайда. Жүргізілген сараптамаларға сәйкес негізінен, апатты жағдайдағы ағаштар қаланың орталық және шеткері аймақтарында орналасқан. Оның ішінде мақсатты (көше бойында) – 34 962 ағаш, жалпы қолданыс-

тағы (аула ішінде) 49 666 ағаш бар», – дейді қалалық Жасыл экономика басқармасының бөлім басшысы Олжас Жанысбаев.

Барлық тіркелген жағдай бойынша аудандық Төтенше жағдай бөлімдері, аудандық әкімдіктердің мердігер ұйымдары мен Алматы қаласының құтқару қызметі жұмыс жасап жатқан жайы бар.

«Қазіргі таңда біздің жұмыс тобымыз 84 мың ағаштың неліктен апатты жағдайда екендігін анықтап, оларды қайта қалпына келтіру жұмыстарымен айналысуда. Басым көпшілігінің тамырлары шіріп кетуіне байланысты, қапырық ыстықтан, судың жетіспеушілігінен құрап қалғандығын анықтадық. Құлаған ағаштардың басым көпшілігіне 50–60 жыл болған. Алдағы уақытта қаламызды көгалдандыру мақсатында көшеттер отырғызу жоспарлануда», – дейді Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институтының бөлім меңгерушісі Нұржан Мұхаммадиев.

ЕКПІНІ КҮШТІ ДАУЫЛ СОҚТЫ

Дүлей дауылдың салдарынан «112» желісіне ағаш құлауға қатысты 36 қоңырау келіп түскен. 31 ағаш, 5 үлкен бұта құлаған, оның ішінде 21 ағаш көліктерге құлаған. Пульттік мониторинг қызметінің ақпаратына сәйкес бұтақ құлауынан 1 ересек адам болмашы дене жарақатын алған. Сондай-ақ, 45 ғимараттың шатыры ұшқан. Оның 13-і әкімшілік ғимарат.

«Жетісу ауданында жеке тұрғын үй аумағы, Алматыда көпқабатты үйлердің жер төселесі мен кіреберісі бүлінді. Көпқабатты екі тұрғын үйдің сыртқы қаптауы құлады және үш автотұрақтың қоршауы бұзылды. Троллейбус желісі үзілді. Табиғи сипаттағы зардаптарды жоюға ТЖ департаментінен 27 қызметкер, 11 бірлік техника, 3 мотопомпа, әкімдіктердің мердігерлік ұйымдары және құтқару қызметтерінен 127 адам және 57 бірлік техника жұмылдырылды», – дейді ТЖД ресми өкілі Гүлдана Нұрымбетова.

Бүгінде аудан әкімдіктерінің аппараттары мен Жасыл экономика басқармасы бірлесе отырып апатты жағдайдағы ағаштарды кесіп, орнына жас ағаштар отырғызып, қаланың жасыл қорын қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп келеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Тазалау жұмыстары жалғасуда

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыда нөсер жауын кезінде су басудың алдын алу және жою мақсатында аудан әкімдіктерінде, төтенше жағдайлардың аудандық бөлімдерінде және құтқару қызметінде тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылады. Қазіргі уақытта арық желілері мен өткелдерін тазалау жұмыстары жалғасуда.

Алматыда 2018 жылы суағарларға алғаш рет түгендеу жұмыстары жүргізілген. Зерттелген арықтардың әр метрі ГАЖ жүйесінде көрсетілген. Онда интерактивті картаның көмегімен Алматыдағы арықтардың жай-күйі, орналасуы бойынша өзекті деректермен танысуға болады. Қай көшеде, жолдың қай жағында, бағыты мен теңгерімінде арық бар, оның ені, ұзындығы және басқа да сипаттамалары көрсетілген. 2020 жылы түгендеу нәтижелері бойынша жалпы ұзындығы 376 шақырым арық желісін қайта құру және жөндеуге арналған жобалық-сметалық құжат жасалған. Жоба батыс, орталық және шығыс болып үш бөлікпен тұрады. Бүгінде жоба бойынша қаланың батыс бөлігінде (Алатау және Наурызбай аудандарында: Карьерная, Бокин, Ақтума, Байторы, Шаяхметов, Аралкүм көшелері) жұмыстар жүріп жатыр.

Ағымдағы жылы жергілікті бюджеттен бөлінген қаражатқа қалалық Жасыл экономика басқармасы орталық және шығыс бөлігінде жұмысты жалғастыруды жоспарлап отыр.



Жол мәселесі – басты назарда

Жауын-шашынның салдары қалаға кейіннен қосылған шеткі аудандарда жол мәселесін қиындатып отыр. Тұрғындар ол туралы әлеуметтік желілерде жазып та, көшедегі қозғалыстың қиындағаны туралы суреттерін жүктеп те жатыр. Әлбетте, оның барлығы көшелерінде суағарлардың жоқ болғандығынан көлге айналып жатыр. Жолдардың ми батпағы шығып жатқаны да сондықтан.

Бұл жағдайды қала билігі назардан тыс қалдырып отырған жоқ. Барлығы бақылауда. Айтуларында, күн жылынып, жер құрғаған сәттен ең бірінші қолға алынатын шаруалардың басында осы – жол мәселесі тұр. Осыған орай, шеткі аудандарға басшылық жасайтын аудан әкімдері тұрғындармен жиі кездесулер ұйымдастырып, жиындар өткізуде.

Ал қала ішінде жаңбыр салдарынан көшелерде су жиналып қалатын болса, олар техника мен жол жұмысшыларының арқасында тез арада тазартылып жатыр. Бұл мәселеге әсіресе,

Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаменті күнітүні сақ отыр. Себебі, апат айтып келмейді.

Қатты жауын-шашын жауу туралы дауылды ескерту түскен соң, қаладағы азаматтық қорғау күштері барлық қажетті құрал-жабдықтарын дайындыққа келтіріп қойды. Мәселен, жексенбі, 27 наурыз күні Алматының «112» желісі мен «109» құтқару қызметіне су басу (аула аумақтары, көшелер) туралы 11 хабарлама келіп түскен. Атап айтар болсақ, Жетісу ауданында Гончаров көшесі, 60 мекенжайында бітелген арық құбыры тазаланды, Брюсов көшесінде – ТЖД күшімен су сору жұмыстары жүргізілді. Алатау ауданында Магаданская көшесі, 53-үйде мердігерлік ұйымның күшімен арық желісі тазартылды. Наурызбай ауданында Сұраншы батыр көшесі, 2 мекенжайында орналасқан жеке үйдің ауласын су басып, әкімдіктің мердігерлік ұйымы жұмыс істеді. Су басу қаупі төнген барлық жағдай бойынша жұмыстар аяқталды.

Барлық аймақ қатаң бақылауда

«Қазгидромет» мамандарының айтуынша, айдың басынан бері 146,1 мм жауын-шашын (айлық нормасы – 76 мм) түскен. Сол кездерде тауларда, атап айтқанда, Үлкен Алматы көлінде – 107 см, Мыңжылқыда – 67 см, Медеуде – 44 см қар жауған. Төтеншеліктер қауіптің алдын алу мақсатында қар көшкінінің жүру қаупі бар екенін ескертіп алматылықтарға хабарламалар таратқан. Мұның барлығы қала тұрғындарының қауіпсіздігі үшін маңызды ақпараттар.

Қалалық Төтенше жағдайлар департаменті «Қазселденқорғау» ММ бақылау бекеттерінің деректеріне сүйене отырып, қазіргі таңда «Кіші» және «Үлкен Алматы», «Ақ-

сай», «Қарғалы» өзендерінің бассейндерінде жағдайдың тұрақты екенін және су деңгейінің көтерілуі байқалмайтынын айтып отыр.

Қаламызда әлі де тазалық жұмыстары жүргізіле бермек. Арық желілерін тазарту, айналаны күл қоқыстан аршып, көктемгі ағаш, гүл егу жұмыстарына қазірден бастап әзірленетін болсақ, Алматы жасыл желекке көмкерілген қала болатынына күмән болмас. Яғни қалада көктемгі су басу қаупін алдын алуға бағытталған шаралар әлі жалғасуда. Төтеншеліктердің хабарлауынша, қалада көктемгі су басу қаупін алдын алу шаралары жүйелі жүргізілуде. Барлық аймақ қатаң бақылауда.



АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

Жалпы, ауа райы туралы хабарламаларды елеусіз қалдырмаған жөн. Әйтпесе, табиғат тосын мінез танытып, жұртты әбігерге салады. Мәселен, кеше Алматыда түске дейін жарқырап күн шығып тұрды. Түстен кейін дауылды жел тұрып, ауа райы күрт өзгерді. Қатты соққан желден ағаштар құлап, кейбір ғимараттардың шатырлары ұшты. Арагидік электр желілері істен шығып, көп үйлер біршама уақытқа жарықсыз қалды. Бірақ Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаменті азаматтардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында алдын ала хабарламалар жіберген. Онда қатты жел тұрып, оның екпіні мен жауын-шашын болатыны туралы айтылған болатын.

Алматылықтар әлеуметтік желіде қаланың әр жерінде ірі бұтақтар мен ағаштардың құлаған суреттерін жүктеуде.

Жарық өшіп қалды

Диас Кәрім есімді желі қолданушы әлеуметтік желі арқылы кешегі дауылдан кейін Жетісу ауданына қарасты Жангелдин көшесінде жарық пен жылу жоқ екенін айтып, жазба қалдырды. «Жарық сөнгеннен кейін үйде жылудың да болмайтыны белгілі. Міне, екінші тәулікке кетті, Алматыдағы туыстарымыз кішкентай балаларымызбен жарығы жоқ, суық үйде отыр. Жарық болмаған соң телефондарының қуаты біткен. Хабарласқан жауапты мекемелердің бірі де телефон тұтқасын көтермейті. Мен сіздерге осы жағдайды жеткізу үшін Нұр-Сұлтан қаласынан хабарласып отырмын», – дейді ол.

Дәл осындай жағдайды Алатау ауданы-

ның тұрғыны Ләззат Мұқажанова да жазыпты. Оның айтуынша, «Самғау» ықшамауданында жарық жоқ.

«Ақжар» ықшамауданындағы Рымғали көшесінде сәл жел тұрса жарық өшіп қалады. Кешегі дауылдан бүкіл көшенің жарығы сөніп қалған.

Опен Almaty мамандары тұрғындардың өтінішін қабылдағаннан кейін: «Үйдің нақты мекенжайы мен тұрғындардың байланыс телефонын көрсетіңіз. Жақын арада тағы да қосымша хабарлаймыз» деп жауап берді.

Бет қатталып жатқанда, тұрғындар айтылған мекенжайларда коммуналдық қызмет мамандары келіп, жұмыс істеп жатқандарын қуана хабарлады.



Көшемізге арық керек

Түрксіб ауданындағы жеке сектор тұрғындары атынан Алиман Оразымбетова көшелерінде арық желілерінің жоқтығын айтып хабарласты. Айтуларынша, жаңбыр жауса, үйлеріндегі жертелелер суға толып кетеді екен. Кейіннен ол су бұға айналып, үйлерінің іші дымқыл тартатын көрінеді. «Көшемізге арық жүргізіп берсеңіздер, өзіміз тазалап отырар едік. Бұл жұмыс сыз тартқан үйде отырғаннан әлдеқайда жақсы», – дейді олар.

Тұрғынның өтінішіне Түрксіб ауданы әкімдігінің қызметкерлері хабарласып, арық желілерін жүргізу үшін әкімдікке келіп өтініш жазу керектігін айтты.


«Жауапкершілік қайда?»

Өбіш Кекілбаев көшесінің бойындағы су жиналатын арна толып, су көшеге қарай ағып жатыр. Бұл туралы Бостандық ауданы тұрғындары шағымданып, редакциямызға хабарласты. Айтуларынша, алдыңғы апта жауған жаңбырдан кейін арна тазартылмаған. Салдарынан, сейсенбі күні жауған жаңбырдан арна толып кеткен.

– Өркез жаңбыр жауған кезде арна то-

лып, қиналып қаламыз. Бұл бірінші рет орын алып жатқан жағдай емес. Су жаяу жүргіншілер жүретін жолды түгел алып кетеді. Көше боймен жүріп-тұру қиын. Жаңбырдан кейін арнаны дереу тазартып тұрса, мұндай жағдай болмас еді, – дейді Жансая есімді аудан тұрғыны.

Тұрғындар аудан әкімдігінің осы мәселеге жауапкершілікпен қарауын сұрайды.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

КӨШЕ ШАМДАРЫ ЖАНБАСА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Егер аулаларда, саябақтарда, скверлерде, тротуарларда, автомобиль жолдарында және басқа да қоғамдық орындарда көше шамдары жұмыс істемесе, «Алматы Қала Жарық» МКК диспетчерлік қызметіне 300-75-41, 300-75-42 телефондары арқылы хабарласу қажет. Өтінімдер тәулік бойы және демалыссыз қабылданады. Одан бөлек, көше шамдарына қатысты «Алматы Қала Жарық» МКК-ның әлеуметтік желідегі Instagram және Facebook парақшаларында жазу арқылы хабарлауға болады.

Апатты ағаштар

Редакциямызға хабарласқан алматылық Дарын Әлімбекұлы Жетісу ауданына қарасты Жангелдин көшесі мен Рысқұлов даңғылдарының қиылысындағы саябақтағы ағаштарға көңіл бөлуді сұрайды. «Кешегі дауылдан кейін саябақтағы мына бір ағаштар құлауға шақ тұр. Апатты ағашты кесіп, шұғыл шара қолданбасаңыздар болмайды», – дейді ол.



Қалада 29 наурыз күні орын алған жайсыз ауа райы салдарынан ағаштар құлап, көшені жауып тастаған. Солардың бірі – Өшімов көшесі. Қатты соққан желден апаттық жағдайда тұрған ағаш пен бөрене құлап, көшемен жүруге мүмкіндік қалдырмаған. Тұрғындар әкімдікке хабарласса, телефондарын көтермейтінін айтады.

– Кешелі бері бір-бір жауапты мекемеден адам келіп, мәселені шешкен жоқ. Өзіміз көтеріп алып тастағымыз келген. Алайда, ағаш пен бөрене ауыр екен. Бұл үлкен жолға шығатын жалғыз көшеміз. Көлікпен қалай жүрерімізді білмейміз, – дейді Еркін Сағиддин.

Дәл осындай мәселе Сейфуллин-Рысқұлов көшесі мен Сейфуллин-Ақпаев көшесінің қиылысында қайталанып, салдары көлік апатына әкеп соққан. Осындай көріністерден Алматы қаласы Жасыл экономика басқармасының апат алдындағы ағаштарды алдын ала тексермегендерін аңғаруға болады. Көктем басталса да шіріп тұрған ағаштарды кесу жұмыстары әлі

қолға алынбаған. Жауапты мекемеден арнайы жауап күтеміз!



Бетті әзірлегендер Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ, Айжан БҮРКІТБАЕВА.



САРАПТАМА

БАҒА МЕН БАҒАМ

тұрақтандыру шараларына ғана емес, тұрмыстың ағымдық ақиқаттарына да байланысты

Баға ырыққа көнбей тұр. Бірінші кезекте азық-түлік, коммуналдық төлемдер бағамы өсіп барады. Базарға барған адамдар нарықтағы бағаны тұрақтандыру үшін құрылған қорлардан да, сәйкес шаралардан да үмітін үзіп оралады.



Себебі, баға мен бағам тек қана тұрақтандыру шараларына ғана емес, тұрмыстың ағымдық ақиқаттарына да байланысты.

Қазақта «Алланың сайтаны мықты ма, адамның сайтаны мықты ма?!» деген мәтел бар. «Үкіметте жазық жоқ, халықтың тілегі үшін күн сайын аспандап бара жатқан қымбатшылықты тежеу мақсатында әрекеттеніп жатыр. Алайда...» дейді кейбір ағайын.

Бұл жердегі мәселе осы «алайданың...» төңірегінде туындайды. «Алайданың...» артында алты басты аждаһа жатқандығы бүгінде еңбектеген балаға дейін белгілі. Ол аждаһаның аты – алаяқ араделдалдар, кейбір тауар түрлерін көтере сатып алып, базарға қымбаттатып түсіретіндер.

Бағаны нарықтағы нақты жағдай белгілейді

Азық-түлік қымбаттағалы біраз ағайын бағасы күн сайын аспандап бара жатқан базарды айналып жүретін болды. Керегін алдымен бағасы сәл де болса арзандау көтерме базарлардан іздейді. Басқаша айтқанда, қазіргі қымбатшылық дәуіріндегі «жаншығар сәтін» бірден құтқарушысы көтерме базар мен көтерме сауда сияқты.

Шынында да көтерме базардағы баға біршама төмендеу. Дәл осы жерде алдымыздан тағы да атойлап жоғарыда айтқан «алайда...» шығады. Шын мәнісінде, базардың аты – қашан да базар. Оның көтерме базарға да қатысы болмақ. Ондағы бағаны да нарықтағы нақты жағдай белгілейді. Сондықтан соңғы кезде Алматының көтерме базарларында да бағаның,

бәрінен бұрын бірінші қолданыстағы тауарлар бағасының айтарлықтай көтерілгені байқалады.

Нақтырақ айтқанда, тек өткен жылдың өзінде ғана көтерме сауда номиналды тұрғыда 20,2 пайызға қымбаттапты. Оның үстіне, кейбір сарапшылар берген деректерге қарағанда көтерме сауданың бағасы базардағыдан гөрі жылдамырақ көтерілетін көрінеді.

Жалпы, қарапайым халықтың «жаншығар сәтін» бірден-бір құтқарушысы деп отырған көтерме сауда туралы білігі төмен екені өтірік емес. Қарапайым адамға керегі – күнделікті баға мен бағам ғана.

Тиісті мамандар өткен жылы көтерме және базардағы сауданың негізгі үш тренді болғанын айтады. Біріншіден, 2021 жылы жалпы тауар айналымы номиналды тұрғыда 18,7 пайызға артқан. Сондай-ақ, салаға құйылған инвестициялар көлемі де өсіп, соңғы дерек бойынша 37,5 пайызға жетіп отыр. Жасыратыны жоқ, бұл цифрлар 2020 жылғы көрсеткіштен төмен. Бәрінен бұрын оның басты себебі есебінде коронавирус пандемиясы айтылады. Екіншіден, көтерме саудада инфляция көлемінің артқаны байқалады. Әрі ол базар нарқына тікелей әсер етеді.

Атқарушы билік бағаны барынша тұрақтандыру шараларын қабылдауда

Алматыдағы көтерме сауда ахуалына тікелей әсер ететін үшінші себепке де тоқтала кетуіміз керек. Үкімет үшін алдымен экономиканы етекпен тартып тұрған инфляцияны тежеу маңызды. Осы мақсатта атқарушы билік бағаны

барынша тұрақтандыру шараларын қабылдауда.

Әлбетте бағаның тұрақтандырылуы – игі ниет. Дейтұрғанмен, оның да солақай тұстары бар көрінеді. Дұрыс қолданылмаған жағдайда тұрақтандыру шаралары бағаларды бұрмалап, нарықтық дисбаланс туындататын тәрізді. Ал ол бәрінен бұрын көтерме саудадағы нақты жағдайға айтарлықтай әсер етеді.

Өткен жылы көтерме саудадағы айналым 23,8 трлн теңгеге жетіп, номиналды динамикаға айтарлықтай әсер етті. Алдымен көтерме саудадағы өсімге азық-түліктің емес және өндірістік-техникалық мақсаттағы тауарлар сатылымының әсер еткенін айта кетуге тиістіміз. Бұл тауар түрлерінің көтерме саудадағы үлесі тек өткен жылы ғана 24,1 пайызға артқан көрінеді. Керісінше, азық-түлік тауарларының саудасы көтерме саудадағы тауар айналымы біршама төмендеткен.

Соған сәйкес өткен жылы саудагерлер үшін азық-түлік саудасынан гөрі өндірістік тауарлар сатылымы пайдалырақ болған. Былтыр азық-түліктің емес тауарлардың көтерме саудасы 103,9 пайызға дейін көтеріліпті! Бұл дегеніңіз, ішкі саудаға, оның күнделікті барысына, бәрінен бұрын қарапайым халықтың құранымының қанағаттандырылуына кері әсер ететін фактор.

Дерек көздері азық-түлік тауарларының бағасының көтерілуінің негізгі бірнеше себебін атап көрсетеді.

Ең алдымен, бірінші қажеттіліктегі тауарлардың әлемдік нарқы көтерілген. Тек өткен жылы ғана бұл көрсеткіш 132,7 пунктке көтеріліп, соңғы отыз жылда бұған дейін болмаған нәтиже тіркеліпті.

Көтерме сауданың басты тетігінің бірі – өнімді сақтайтын қойма

Азық-түлік нарқының көтерілуіне себеп болып отырған фактордың бірі – елде қоймалардың тапшылығы. Сөз арасында айта кетуге тиістіміз, әлемдік бизнес ахуалда тауар сақтайтын қоймалар сол тауардың өзінен де жоғары мазмұнға ие. Ол түсінікті де. Себебі, өнім мол алынған жылдары оны толық сата алмай, сақтайтын қойма болмағандықтан шірітіп алатын деректер аз емес.

Мәселен, өткен жылы Солтүстік Арқада картоп бітік шығып, павлодарлық картоп өсірушілер аста-төк өнімін қойма болмағандықтан Өзбекстанның көтерме саудагерлеріне арзанға сатуға мәжбүр болды. Ал жаздың басына қарай елдегі картоп қоры таусылып, аңқау казак өзбектерден өзі өсіріп-баптаған, амалсыз көтерме саудамен сатып жіберген картобын қайтадан үш есе қымбат бағада сатып алуға мәжбүр болды.

Айта берсек, мұндай мысал көп. Біз сөз етіп отырған елдегі көтерме сауда тақырыбына қоймалардың тікелей қатысы барын айта кетуге тиістіміз. Себебі, көтерме сауданың басты тетігінің бірі – өнімді сақтайтын қойма. Әзірге біздің елімізде бұл мәселе толықтай қолға алынбай отыр. Ішкі көтерме сауданың негізгі назарын азық-түлікке емес, басқа өндірістік-тұрмыстық тауарларға аударуы да сондықтан дер едік.

Сарапшылар ішкі саудадағы қымбатшылықтың басты бір себебін содан көреді. Шынында да ойлануға тұрарлық нәрсе-ау, өзі...

Өмірзақ МҰҚАЙ.

МИБ

«БІР ҮЙ – БІР БІРЛЕСТІК – БІР ЕСЕПШОТ» Жаңа жүйеде ұжымдық жауапкершіліктің маңызы зор

Елімізде «Бір үй – бір бірлестік – бір есепшот» қағидасы шеңберінде пәтер иелерінің кооперативтерінің (ПИК) орнына меншік иелерінің бірлестігі (МИБ) мен жай серіктестік (ЖС) құрыла бастағаны белгілі. Алайда, бұл іске жауапты мекемелер жүйенің артықшылығын алға тартқанымен, тұрғындардың жаңа форматқа көшу белсенділігі төмен. Неге? Оған не кедергі?

Осы және МИБ құру төңірегіндегі басқа да сауалдарға жауап алу үшін Алматы қаласы Тұрғын үй саясаты басқармасының бөлім басшысы Жандос ҚАЙЫРХАНОВПЕН тілдескен едік.



берілген. Бүгінде мегаполисте 737 МИБ пен 2778 ЖС тіркелді.

– Демек, биыл шілде айынан бастап ПИК-тер заңға сәйкес жұмысын тоқтатуы керек. Егер белгіленген мерзімге дейін тұрғын үйлер жаңа форматқа көшіп үлгермесе қайтпайды?

– Өздеріңіз білесіздер, Алматы – еліміздегі ірі тұрғын үй



қоры бар алып мегаполис. Шаһарда 800-ден астам ПИК қызмет көрсететін 8,6 мыңға жуық көппәтерлі тұрғын үй (КПТУ) бар. Бүгінде Алматыдағы тұрғын үйлердің 50 пайызы пәтер иелері кооперативінен мүлік иелері бірлестігіне және жай серіктестікке ауысқан. Қалған жартысы шілде айына дейін пәтер иелері кооперативінен шығуы тиіс. Егер заң күшіне еніп, ПИК-тер жойылатын болса, тұрғындар басқару органдарын құрмаса, бұл үйлер басқарусыз қалады.

– Айтыңызшы, жалпы осы тақырыпқа байланысты алматылықтар хабарласа ма?

– Халық арасында мүлік иелері бірлестігі мен жай серіктестіктің аражігін әлі де ажырата алмай жатқандар көп. Дейтұрғанмен, өзі тұратын тұрғын үйдің жағдайына алаңдап, жанашылдықтан қалмауға тырысып жүргендер тұрғындар жоқ емес. Дәл осы тақырыпқа, яғни МИБ немесе ЖС құруға орай басқармаға күніне шамамен 20–30 қоңырау шалынады. Бұл жаман көрсеткіш емес.

– Алматылықтардың белсенділігін арттыру үшін басқарма тарапынан қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?

– Халықты толық ақпараттандыру үшін БАҚ-пен белсенді

әрі жүйелі түрде жұмыс жүргізіп жатымыз. Бүгінге дейін басылым беттерінде жаңа құрылым жөнінде 300-ге жуық мақалалар мен сұхбаттар жарияланды. Қала және аудан әкімдіктерінің қызметкерлерінен тұратын мобильді топтар құрылған. Олар тұрғындармен жиналыс өткізіп, ақпараттандыру жұмыстарын жүргізуде. Мәселен, өткен 2021 жылдан осы

уақытқа дейін 2500 көпқабатты үйдің тұрғындарымен 800-ге жуық жиналыс өтті. Тұрғындарға кеңес беру үшін жауапты қызметкерлер бекітіліп, барлық байланыс деректері Басқарманың және аудандық әкімдіктердің ресми парақшаларында орналастырылды. Бұдан бөлек, басқарудың жаңа нысанын құру алгоритмі кезең-кезеңімен ұсынылатын бейнеролик әзірледік. Пандемия кезінде кондоминиум объектісін басқаруға және оның ортақ мүлкін күтіп-ұстауға байланысты мәселелерді талқылау үшін тұрғындармен жазбаша, ZOOM платформасы арқылы онлайн-форматта сауалнамалар жүргіздік. Халыққа көмек ретінде жақында ғана «Ашық есік күнін» өткіздік. Мұндай шаралардың жаңа форматқа көшуге байланысты түйткілді мәселелерді шешуге әсері де, көмегі мол. Өкініштісі, тұрғындар арасында жаңа жобаға түсіті қарайтындар әлі де көп. Мұндай көзқарас процесті тежейді. Бізге жетіспей жатқаны да осы. Сондықтан жаңа жаңа жүйеге көшуде ұжымдық жауапкершіліктің маңызы зор. Қазіргі таңда сәуір айынан бастап үш айға арналған жаңа кесте әзірленіп жатыр. Яғни кестеге сәйкес 1 шілдеге дейін әрбір үйде жеке жиналыстар өткізіледі. Мұндай жиындар қаладағы барлық көпқабатты тұрғын үйді қамтитын болады.

– Жаңа формат бойынша МИБ құрып, оның артықшылықтарын сезініп жатқан пәтер иелері бар ма? Мысал келтіре аласыз ба?

– Әлбетте. Қаламызда жаңа жүйені қабылдап, бүгінде соның игілігін көріп отырған тұрғын үйлер жетерлік. Көпке үлгі боларлық үйлердің бірі ретінде Сейфуллин, 546 мекенжайындағы Разия Асанбекова төрағалық ететін МИБ-ті, Еркін Сұлтанғазиев есімді азамат басқаратын «Орбита-2» ықшамауданындағы №11 үйді айтар едім. Олар жаңа жүйеге көшкелі жағдайларының жақсарып, үйлерінде және аулаларында тазалықтың орнағанын, МИБ-ке өткелі бері тұрғындардың ортақ мүлікке деген жауапкершіліктің арта түскенін қуана айтып жатыр. Ең бастысы, тұрғындар қаражаттарының қайда жұмсалып жатқанын біліп отыр. Жаңа жүйенің тиімділігі де, артықшылығы да осында дейді олар...

Сұхбаттасқан
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



МӘСЕЛЕ

ОТАНДЫҚ ФАРМАЦЕВТИКА

Ұлттық қауіпсіздік үшін маңызды



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында отандық фармацевтика саласын аяғынан тік тұрғызуды тапсырды. «Отандық фармацевтика саласын дамыту керек. Барлық дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдар Қазақстанда өндірілуге тиіс. Бұл – ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Келесі жылдан бастап осы бағытта нақты нәтиже күтеміз», – деді Президент.



Қазір еліміздің фармацевтика өнеркәсібінде 79 кәсіпорын жұмыс істейді. Елдегі барлық шығарылатын дәрі-дәрмектің ақшаға шаққанда 90 пайызы – бес ірі зауыттың еншісінде. Отандық «Химфарм» АҚ, «СП Глобал Фарм», «Ромат», «Нобел АФФ», «Нұр-Май-Фарм» ЖШС, Қарағанды фармацевтика зауыты – өндірістің толық циклін жүзеге асыратын кәсіпорындар. Ал 15 жылдың ішінде отандық өндірушілердің нарықтағы үлесі 10 пайыздан 22 пайызға ғана көтерілген. Бүгінде еліміз дәрі-дәрмектермен өзін тек үштен бір бөлігінде ғана қамтамасыз етеді. Сондықтан шетелдікіне әуес деп көпшілікке топырақ шашуға да болмайтын шығар.

Осы уақытқа дейін мемлекет жәрдем көрсетпесе, елімізде алып дәрі-дәрмек индустриясын құру мүмкін емес деп айтылып келді. Бұл бағытта ешқандай жұмыс жүргізілген жоқ деп ауызды қу шөппен сұртуге және болмас. Дегенмен, үкімет отандық дәрі-дәрмек өндірісін қолдауға шындап кіріспекші.

Ендігі міндет – өндірісті 50 пайызға дейін жеткізу.

Отандық фармацевтер өндіретін препараттар халықтың сұранысына кеңінен ие және ең арзан екендігін естен шығармау керек. Бұлар – бас ауруының, салқын тиюдің, жүрек ауруларының препараттары. Олар жаппай шығарылады әрі арзан. Сондықтан ақшалай көріністе олар небәрі 33 пайыз ғана өнім шығаратын болып отыр.

Фармацевтика өндірісін дамыту мақсаттары – ішкі сұраныстың 50 пайызын отандық дәрі-дәрмек өндірушілер есебінен қамтамасыз ету, еліміздегі фармацевтикалық кәсіпорындарда GMP халықаралық стандарттарын енгізу, Астана және Шымкент қалаларында фармацевтика фабрикаларының құрылысы бойынша жобалар, ампула-инфузиондық ерітінділер мен антибиотиктерді шығару бойынша қолданыстағы өндірісті кеңейту, Астанада қан препараттарының өндірісі бойынша зауыт құрылысын салу және пайдалануға енгізу. Мемлекеттің есебінен жеті жылға арналған ұзақ мерзімді тапсырысты қамтамасыз ету инвесторларға са-туға және инвестицияларды жоспарлауға мүмкіндік береді.

Кәсіпкерлер үшін 8–10 пайыз мөлшерлеменен жеңілдетілген ұзақ мерзімді несиелерді беру қарастырылады. Халықаралық GMP стандарты бойынша жұмыс істей алатын мамандармен қамтамасыз ету жағы да ұмыт қалмайды. Бұл жерде де мемлекет ресурстары іске қосылмақ.

Сонымен қоса, ішкі нарықты контрабандалық және контрафактілік тауарлардан қорғау қажет. Өйткені, сапасыз дәрі-дәрмекке біздің есіміз айқара ашық, ал ол көбіне терістік жақтан келеді. «Ресей өзінде іске алғысыз еткен дәрілерді бізге жібереді» деген сөз баяғыдан айтылып жүр.

Егер ДСҰ-ға кірген кезде бізде күшті өндіріс болмаса, бұл сала бәсекеге төтеп бере алмайды, онда импортқа тәуелді болғанымыз. Үкімет осыны да ескерген болар. Жалпы, мамандардың айтуынша, фармацевтика – ең тиімді бизнес. Өзі шағын, сақталу мерзімі ұзақ, өтімді, ең бастысы, қосымша құны жоғары тауар, яғни қымбат. Қайткенде де, ұтылмаймыз.

Дәрі-дәрмек өндірісінде шетке иек артқанша, өзіміздің отандық дәрі-дәрмек өнді-

ретін зауыттарымызды іске қосқан жөн секілді. Себебі, біздің бұған мамандарымыздың да біліктілігі жетеді, дәрі жасайтын шикізаттарымыз да баршылық.

Ең алдымен, бұл еліміздің экономикасы үшін тиімді болар еді. Өйткені, шеттен дәрі-дәрмек тасу еліміз үшін өте қымбатқа түсіп отыр. Дәрінің бағасына қоса, оны тасымалдау шығыны қосылып, дәрілердің өзіндік бағасы елімізге көтеріңкі болып жетеді. Елімізде, негізінен, өсімдіктен алынатын дәрілер ғана жасалады, ал синтездік жолмен алынатын дәрілерді өндіретін зауыттар болмағандықтан, оларды шеттен тасып отырымыз. Қазіргі таңда еліміздің Шымкент өңіріндегі «Химфарм» зауыты мен Қарағандыдағы «Фитохимия» зауыты дәрі өндіруге елеулі үлес қосып отыр.

Бұл зауыттардағы жұмыс істейтін мамандардың біліктілігі де, дәрілердің сапасы да шетелдерден келетін дәрілерден кем түспейді. Негізі, дәріні өсімдіктерден алған дұрыс. Өйткені, синтездік жолмен алынған дәрілер тым белсенді болғандықтан, науқастың ағзасы ол дәріні көтере алмауы мүмкін. Сондай-ақ, өсімдіктерден жасалатын дәрілердің аллергиялық әсері де болмайды. Осы орайда дәрі жасайтын өсімдіктердің, шөптердің біздің елімізде өте көп екенін атап айта кеткім келеді. Яғни еліміздегі өсімдіктерді, дәрілік шөптерді бостан-босқа шіріткенше, неге өз кәдемізге жаратып, дәрі жасамасқа?!

Қалай болғанда да, «алыстан арбалағанша, жақыннан дорбалағаннан» ұтарымыз айтпаса да түсінікті. Егер дәрі-дәрмекке өзімізде өндіріс болсақ, жылдың басы мен аяғында медициналық орталықтарда дәрі-дәрмектің жетіспеушілігі болмас еді. Дәрілер өз елімізде өндірілетін болғандықтан, оның бағасы да төмен болып, жеткізілуі де тез жүзеге асар еді. Айта кетерлік жайт, кейде тіпті елімізде шетелден сапасыз дәрілер келіп жатады. Егер біз дәріні өзіміз өндіретін болсақ, оны өз елімізде тұтынатын болғандықтан, сапасына да ерекше мән берер едік. Арнайы зауыттар болғаннан кейін, ғалымдардың түрлі дәрі-дәрмек өндіруге деген құлшынысы да артар еді. Тіпті, сапасы жоғары дәрі-дәрмек ойлап табылып жатса, оны шетелге экспортқа шығарар ма едік...

МӘМС

Мүмкіндік мол



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Неврологиялық сырқаттарға шалдыққан алматылықтар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеті шеңберінде денсаулығын түзете алады.

Алматы қалалық №1 аурухананың баспасөз қызметі өкілдерінің айтуынша, осыдан біраз бұрын инсульт алған Р. есімді пациент сақтандыру пакеті арқылы оңалтудан өткен. *«Мен аурухананың нейрореабилитация бөліміне инсульт алғаннан кейін 20 күннен соң түстім. Ол кезде өздігімен жүре де, сөйлей де алмайтынмын»,* – дейді пациент.

Дәрігерлер жеке оңалту бағдарламасын жасап, реабилитацияның «кинезиотерапия» деп аталатын әдісін қолдану туралы шешім қабылдады. Кинезиотерапия – инсульт салдарынан сал болып қалған аяқ-қолды қозғалысқа келтіріп, пациенттің өз бетімен жүріп-тұруына, өзгенің көмегінен тамақтануына мүмкіндік береді. Нәтижесінде жігіттің есте сақтау, сөйлеу қабілеті жақсарып, өздігінен отырып-тұратын болды.

Аталған аурухананың нейрореабилитация бөлімі меңгерушісі Әмина Сейданованың айтуынша, бөлімше қажетті жоғары технологиялық аппараттармен жабдықталған, аталған санат-



тағы сырқаттармен жұмыс істейтін білікті мамандар да жеткілікті.

«Оңалтудың екінші кезеңі мидағы қан айналысы бұзылған және миына, жұлынна ота жасалған пациенттерге арналған. Олар бөлімшеге аталған манипуляциядан кейін 9 айдан соң қабылданады. Кешенді емдеу-оңалту процесіне көптеген салалық мамандар жұмылдырылады. Жоспарлы түрде стационарға жатқызу «Ауруханаға жатқызу бюросы» порталы арқылы жүргізіледі», – дейді дәрігер.

ТӨЛЕМАҚЫ

Қаржылай көмек көрсетілуде



Досбол
АТАЖАН

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жұмысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлем алушылардың саны 25,2 мың адамды құрады. Осы ретте биыл 18,5 мың азаматқа төлем алғаш рет тағайындалды. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бұл мәліметтердің 2022 жылдың 1 наурызындағы жағдай бойынша екенін хабарлады.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыстан босатылған қызметкерлер міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу

өтіліне және соңғы 24 айдағы табысына байланысты 1 айдан 6 айға дейін жұмысынан айырылуы бойынша әлеуметтік төлемдер алады. Төлем жоғалған табыстың 40%-ына дейінгі мөлшерде МӘСҚ қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Жұмыстан босатылған қызметкерге төлем тағайындау үшін:

- eGov.kz порталда авторизациялану;
- «Жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту» бөлімінде «Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу» қызметін таңдау;
- онлайн-қызметке тапсырыс беріп, барлық жолдарды толтыру және ЭЦҚ-мен қол қою арқылы өтінімді жіберу қажет;
- бір күн ішінде өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша жұмыспен қамту орталығы (бұдан әрі – ХЖҚО) бос жұмыс орындарын ұсынады;
- егер жұмыс табылмаса, 3 күн ішінде қашықтықтан жұмыссыз мәртебесі беріледі (қажет болған жағдайда қосымша ақпарат жинау үшін өтініш берушімен ХЖҚО қызметкері хабарласады).

Бұл қызметті онлайн-режимінде Электрондық еңбек биржасы (enbek.kz) арқылы да алуға болады.

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК

Оңалтудан өте аласыз

Биыл Алматы қаласы бойынша ковидке шалдыққан тұрғындарды медициналық оңалтудан өткізуге 178,3 млн теңге қарастырылған. Бұл туралы Медициналық сақтандыру қорының Алматы қалалық филиалының өкілдері хабарлады.

Филиал директоры Тілеухан Әбілдаевтың айтуынша, бүгінгі күнге дейін медицина ұйымдарымен 85,5 млн теңгенің келісім-шарты бекітілген. Бұл сомаға 2584 постковидтік сауықтыру қызметі көрсетілуге тиіс.

«Коронавируспен және пневмонияның орташа немесе ауыр түрлерімен ауырған алматылықтардың реабилитациядан өтуге мүмкіндігі бар. Олар постковидтік оңалтудан күндізгі және тәулік бойғы стационарларда өте алады», – деді Тілеухан Әбілдаев.

Медициналық көмекті пайдалану үшін тіркелген емханадағы учаскелік дәрігерден реабилитолог-маманға жолдама алу қажет. Дәрігерлер сырқаттың жағдайына қарай денсаулықты қалпына келтіру жоспарын жасап, емдеу курсының мерзімін бекітеді. Бірақ медициналық реабилитациядан өту үшін пациент міндетті түрде сақтандырылған болуы шарт. Сонымен қатар, медициналық сақтандыру қоры постковидтік оңалту қызметін көрсететін клиникалар санын арттыруға күш салып келеді.



«МСҚ реабилитация қызметін көрсететін клиникалар санын арттыруға, бұл салаға жекеменшік клиникаларды тарту бағытында жұмыс жүргізіп келеді. Аймақтық комиссия аталған қызмет түріне тұрақты конкурс жариялап отырады», – деді Тілеухан Әбілдаев.

Тақырыпқа орай айта кетсек, былтыр Алматы қаласы бойынша постковидтік оңалту қызметіне 222,4 млн теңге жұмсалған болатын.

НҰР-ЖАМАЛ.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ДИАЛОГ

Қауіпсіздіктің құқықтық негізін қалыптастырудың маңызды алаңы



28-29 наурызда Алматыда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттер Парламентаралық Ассамблеясы Кеңесінің отырысы болып өтті. Аталмыш халықаралық ұйымның 30 жылдығына арналған алқалы жиында осы құрылымға кіретін елдердің парламент жетекшілері бас қосты.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ТМД Парламентаралық Ассамблеясы Кеңесінің мерейтойлық отырысына қатысушыларға Үндеу жолдады. Мемлекет басшысы өз Үндеуінде Қазақстанның ТМД Парламентаралық Ассамблеясының көпжақты қызметін толық қолдайтынын мәлімдеді.

Осыдан тура 30 жыл бұрын Алматы қаласында ТМД Парламентаралық Ассамблеясын құру туралы тарихи келісімге қол қойылды. Отыз жыл ішінде бұл бірегей институт Достастық кеңістігіндегі көпжақты ынтымақтастық жүйесінде ерекше рөл атқарды.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ
ДАМУҒА МҮДДЕЛІМІЗ

Қасым-Жомарт Кемелұлы ұзақ жылдар бойы ТМД Парламентаралық Ассамблеясы Кеңесінің мүшесі ретінде оның жұмысы мен шараларына белсенді қатысып, парламентаралық ынтымақтастықты дамытуға зор үлес қосқан болатын.

Президент парламентаралық диалог экономикалық, әлеуметтік және гуманитарлық салалардағы өзара іс-қимылды одан әрі кеңейтуге ықпал ететініне, сондай-ақ қазіргі заманғы сын-қатерлермен күресу және қауіпсіздікті нығайту үшін құқықтық негіз қалыптастыруға үлкен үлес қосатынына маңыз берді.

«Бірлескен заң шығару жұмысы жандық күн тәртібі шеңберінде орнықты дамудың, декарбонизацияның және цифрландырудың маңызды жаңа міндеттерін іске асырудың теңгерімді тәсілдерін әзірлеуге мүмкіндік береді. Қазақстан Ассамблеяның көпжақты қызметін толық қолдайды. Сондай-ақ, ТМД Төрағасы және Парламентаралық Ассамблеяның негізін қалаушылардың бірі ретінде осы бірегей әрі пайдалы институтты жан-жақты нығайтуға қолдау көрсетуге ниетті», – делінген Қазақстан Президенті Үндеуінде.

Салтанатты отырыста ТМД ПАА Кеңесінің төрағасы, РФ Федералдық жиналысы Федерация Кеңесінің төрағасы Валентина Матвиенко бастаған ТМД ПАА қатысушы елдердің парламенттік делегацияларының басшылары қатысты. Ассамблеяның отыз жыл бойы бірге жүріп өткен жолы оңай болған жоқ, бірақ нәтижелі

болғаны сөзсіз. Көп нәрсеге қол жеткізілді, бұл туралы көп айтылды және айтыла жатар. Бұған дейін осы құрылымға мүше елдердің көшбасшыларында, Достастық мемлекеттердің бәрінде посткеңестік кезеңдегі достық пен ынтымақтастық байланыстарын сақтауға және арамыздағы кез келген сыналарды алып тастауға және жоюға әрқашан даналық пен саяси ерік-жігер болды.

БАСТЫ БАҒДАР – БАРЛЫҚ
ЕЛДЕРДІҢ БЕЙБІТ ДАМУЫН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Үстіміздегі жылдың басындағы қаңтар оқиғасы көптеген салаларда белсендірек реформалар жүргізу қажеттігін көрсетті.

1992 жылғы 27 наурызда дәл осы Алматыда Қазақстан, Армения, Беларусь, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан парламенттерінің төрағалары ТМД Парламентаралық Ассамблеясын құру туралы келісімге қол қойған болатын. Кейінірек оларға Әзербайжан мен Молдова парламентшілері қосылды. Қазір Ассамблеяға ТМД-ның 9 елінің парламенті мүше.

Осыған байланысты еліміз Жаңа Қазақстанды әлеуметтік, әділ және демократиялық мемлекет ретінде құрудың бағытын белгіледі. Алдағы конституциялық реформаның негізгі нәтижелерінің бірі, әрине, Қазақстанда парламентаризмнің одан әрі дамуы және еліміздің саяси жүйесіндегі Парламенттің рөлінің артуы болмақ.

Өкінішке қарай, ТМД ПАА-ның мерейтойлық отырысы әлемде бұрын-соңды болмаған геосаяси шиеленіс жағдайында өтуде. Қазіргі күрделі кезеңде барлық қиындықтарды Ассамблеяға мүше елдер бірге еңсеруге ұмтылуы керек. Бүгінгі таңда біздің ұстанымдарымызды үйлестіру бұрынғыдан да маңызды, бұл бізге бірқатар маңызды мәселелер бойынша пікірлестер ретінде әрекет етуге мүмкіндік береді. Жаңа өзара тиімді мүмкіндіктер ашылып жатқан сауда-экономикалық ынтымақтастықтың әлеуетін жан-жақты пайдалануға болады. Алдағы жылдары да қатарлас өмір сүретін азаматтарымыздың жаңа ұрпақтары арасындағы қарым-қатынас пен дос-

БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Парламентаралық Ассамблея ТМД-ның мемлекетаралық органы, Достастық парламентшілерінің өзара іс-қимылы, саяси, әлеуметтік-экономикалық және ортақ мүддені білдіретін, диалог, пікір алмасу, басқа да мәселелерді талқылайтын басты алаң. Ұйым оған қатысушы мемлекеттердің Парламенттік делегациясынан құрылған. Үлгі заңдар мен басқа да құжаттарды әзірлеу – ТМД ПАА-ның негізгі міндеттерінің бірі. Ассамблея қабылдаған құжаттар бағыт-бағдар ретінде қызмет етеді. Қазіргі уақытқа дейін Парламентаралық Ассамблея 600-ден астам үлгі құжат қабылдаған. ТМД елдерінің Парламенттері оларды өз мемлекеттерінің құқықтық базасын қалыптастыру кезінде белсенді пайдаланды. Сайлау мен референдумдарды бақылау – Ассамблея жұмысының тағы бір маңызды бағыты.

тықты сақтап, нығайтуға жағдай жасау өте маңызды. Біздің кез келген қиындықтарға төтеп беруіміз осы бағыттағы іс-әрекетіміздегі табыстарға, ең бастысы, халықтарымыздың мүддесіне сай дамуымызға байланысты.

Біздің еліміз қауіпсіздіктің бөлінбейтіндігі және халықаралық мәселелерді халықаралық құқық пен БҰҰ Жарғысының қағидаттары негізінде бейбіт жолмен шешудің баламаларының жоқтығы ұстанымын ұстанады. Осыған байланысты біз келіссөздер үдерісін ілгерілетуге бағытталған кез келген күш-жігерді қолдаймыз.

Қазақстан 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етіп, саммитін өткізген мемлекет ретінде барлық елдер үшін еуразиялық қауіпсіздіктің қағидатын берік ұстанады.

Парламентаралық Ассамблея аясында халықаралық конференциялар мен форумдар өткізіліп келеді. Мұндай ауқымды жиындарда көші-қон, экология, лаңкестік және экстремизммен күрес мәселелері, сондай-ақ басқа да маңызды бағыттар бойынша бірлескен шаралар талқыланып, әзірленеді. Сондықтан қазіргі таңда ТМД Парламентаралық Ассамблеясын ең тиімді парламентаралық бірлестіктің бірі деп санауға болады.

Парламентарийлер өз тарапынан ортақ мекеніміз – Еуразиядағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуға бар күш-жігерлерін салуы керек. Қазіргі кездегі ең басты мәселе – елдің амандығы мен жұрттың тыныштығы, бейбітшілікті сақтау, саяси тұрақтылықты, барлық елдердің бейбіт дамуын қамтамасыз ету.

Сабырхан СМАҒҰЛОВ,
эл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан тарихы кафедрасының
оқытушысы.

#ЖОЛДАУ2022

АҚТОЛҚЫН
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың биылғы Қазақстан халқына Жолдауын біз асыға күттік, үлкен қобалжумен тыңдадық. Себебі, осы жолы Президент бұрынғы дәстүрді өзгертіп, елдің негізгі бағыт-бағдарын айқындау, Жаңа Қазақстанды құру бойынша нақты қадамдарды атады.

Оңтайлы
өзгерістер
әкеледі

Ринат ЗАЙЫТОВ,
«Алатау» дәстүрлі өнер
театрының директоры:

Жолдауда айтылған түйінді мәселелер Қазақстан азаматтарының да көңілінен шықты деп ойлаймын. Атап айтатын болсам, еңсесі түсіп, әбден тозыңқырап қалған өңірлердің қайта жандануына мүмкіндік беріп, Абай, Ұлытау, Жетісу облыстары ашылды. Бұл соңы емес болар. Өйткені, бізде әлі де ондай аймақтар бар. Сонымен қатар, Конституциялық сот, Ұлттық құрылтай, Есеп комитетінің орнына жоғары аудиторлық палата құру, мәслихат төрағасы лауазымын енгізу, сайлау заңнамаларының сақталуын қадағалау үшін байқаушылардың құқықтары мен жауапкершілігін нақты белгілеу, мажоритарлық сайлау жүйесін қолдану, Президенттің өкілеттік кезеңінде партияға мүшелігін тоқтату міндетін заңнамалық түрде ресімдеу, әкімдер мен олардың орынбасарларына партия филиалдарында қызмет атқаруға заң жүзінде тыйым салу, бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілетті және еркін болуы және т.б. біз үшін үлкен қуаныш. Барлығы тегіс құптарлық. Тағы бір көңіл қуантатыны, Алматы облысының орталығы Қапшағайға Қонаевтың есімін беру туралы айтылды. Егер таңдау халық жақта болса, қазірдің өзінде 80 пайызы қолдайды.

Өзінің басшылық мысымен, Президенттік өкілеттілігімен осы жылдың ортасына дейін жоғарыда аталғандардың орындалуын талап етуі біз үшін серт бергенмен бірдей болды. Орындалу мерзімі белгіленген Жолдау бір Құдай бұйырса ешқандай кедергісіз елімізге оңтайлы өзгерістер әкеледі. Соны көруге жазсын. Жасасын, Жаңа Қазақстан! Президент Жолдауына алғыс білдіреміз.



ҚОНАЕВ – 110

Қазақ ерге кенде болмаған. Елі оғланын ұлықтаған. Бірлік–берекені қатаң сақтаған. Осылайша хан бастап, халық қоштап, татулық пен ауызбіршілікті ту етіп күн кешіп келеміз. Мың тәубе! Бұл – қарапайым қазақы аксиома.

Биыл көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевтың туғанына 110 жыл толды. Өзі Қазақстанның басшылығында болған ширек ғасырда тек өркендеуге жол бастады. Зауыттар мен фабрикалар салды. Өндіріс орындарын ашты. Мәдениетті ілгерілетті. Ел-жұрты оны нағыз рухани абыз, көсем көрді.

Әр ұлттың дараланған, маңдайына біткен ұлдары болады. Жұрты сенім артқан айбындары бар. Қиын шақта қоғамды тығырықтан алып шығып, жарқын болашаққа бастау олардың айбынды ісі саналады. Ол солай болуы керек-ті. Бұл фольклорлық аңыздардағы батырлардың кейпіне пара-пар.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында «егер көпшілік қолдаса, Қапшағай қаласының атын Қонаев деп өзгертеміз» деген болатын. Содан бері осы ұсынысты қолдаушылар көбейді.



ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

- *Дінмұхамед Қонаев – КСРО да ең биік саяси лауазымға ие болған алғашқы қазақ. Ол КСРО-ның ішкі және сыртқы саясатын басқаратын политбюро мүшесі болған.*
- *Отбасында 11 баланың 4-іншісі.*
- *Бойы – 198 см, 46 өлшемдегі аяқкиім киген.*
- *Хоббиі: қару-жарақ коллекциялаған, аңшылықты ұнатқан.*
- *Д.Қонаевтың жеке күзетшілері болмаған. Басқалар жеке күзетшілерімен жүргенде Д.Қонаев жай ғана таңертең жұмысына жаяу барып келіп жүрген.*
- *Академик шені үшін 340 рубльдік төлемақидан бас тартқан.*
- *Шағын пәтерінде (қазір мұражай) 24 жыл өмір сүрген, пәтер ауданы – 200 шаршы метр.*
- *Кезінде Леонид Брежнев (КСРО басшысы) Алматыға келгенде Д.Қонаевтың үйіне қонақта болады. Сол кезде пәтерін ары аралап, бері аралап: «Бар дүниең осы ма?», – деп таңқалған деседі...*

P.S. Дінмұхамед Қонаев атамыз «Мен қанша биіктесем де, халқымнан төмен екенімді ұмытқан жоқпын» депті. Қандай ғажап сөз. Жоғарыдағы ойларды топтағанда осыған саяды. Ел ертеңін ойлайтын отаншыл азаматтар көп болғай!

Ғұмырнама

1912 жылы 12 қаңтарда Верный (қазіргі Алматы) қаласында, қызметкердің отбасында өмірге келген. 1930 жылы Алматыдағы №14 орта мектепті бітіргеннен кейін, 1931–1936 жылдары Қазақстан Өлкелік комсомол комитеті оны Мәскеудің Түсті металл институтына оқуға жібереді.

* 1936 жылы институтты ойдағыдай бітіріп, тау-кен инженері мамандығын алған Д.Қонаев 1937–1939 жылдары Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат руднигіне жұмысқа орналасып, онда бұрғылау станогінің машинисі, цех бастығы, рудниктің бас инженері және оның директоры болды.

* 1939 жылы Екінші дүниежүзілік соғысының қиын күндерінде тылдағы жұмысты ұйымдастыруда іскерлігімен көзге түсіп, «Алтайполиметалл комбинаты бас инженерінің орынбасары, Риддер руднигінің және КСРО қорғасын-мырыш өнеркәсібінің ең ірі кәсіпорындарының бірі – Лениногор кен басқармасының директоры қызметтерін атқарды.

• 1942–1952 жылдары – Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасының орынбасары болып қызмет етті. Осында жүргенде Қазақстан ғалымдары оған зор сенім көрсетіп, оны Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі және оның президенті етіп сайлайды. Тау-кен ісі саласының ірі маманы Д.Қонаев республика ғылымының дамуы жолында зор еңбек сіңірді. Ғылыми-ұйымдық жұмыстарды жақсарту, ғылыми зерттеулердің негізгі салаларын білікті кадрлармен нығайту шаралары оның басшылығымен жүзеге асырылды.

• 1955–1960 жылдары – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болды.

• 1960–1986 жылдары – Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы қызметін атқарды.

• 1986 жылы 16 желтоқсан күні – Қазақстан Орталық комитетінің бірінші хатшылығынан алынып, орнына Колбин тағайындалды. Бұған наразы болған қазақ жастарының Желтоқсан оқиғасы орын алды.

Ігі істері

Д.Қонаев өз заманының ұлы саясаткері бола білді. Ол билік басында болған уақыт қайшылықты күрделі, қарама-қайшылықты болғанымен, елдің экономикасын, әлеуметтік саласын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамыту ісіне айтулы еңбек сіңірді.

Дінмұхамед Ахметұлы ел басқарған жылдары кең байтақ қазақ жерінде 68 жұмысшылар кенті мен 43 қала пайда болды. Оның ішінде, өнеркәсіп орталығы болып саналған Рудный, Екібастұз, Шевченко (қазіргі Ақтау), Никольский, Степногорск, Теміртау, Жаңатас, Кентау, Арқалық қалалары салынды. Ауыл шаруашылығы қарқынды дамып, тын және тыңайған жерлер игерілді. Кеңшарлар мен ұжымшарлар салынды. Мал саны көбейіп, ауыл шаруашылығының өнімдері жыл сайын артып отырды.

Дінмұхамед Ахметұлының арқасында Қазақстанның өнеркәсіп, оның ішінде түрлі-түсті металлургия саласы жоғары деңгейде дамыды. Бүкілодақтық көлем бойынша мыстың үштен бір бөлігі, қорғасынның 70%-ынан астамы, мырыштың 40%-ынан астамы қазақ жерінде өндірілді. Өскемен қорғасын-мырыш және титан-магний комбинаттары, Соколов-Сарыбай мен Лисаков кен-байыту комбинаттары, Жезқазған мен Балқаш таукен-металлургия комбинаттары, Ермаков пен Ақтөбе феррохромтау зауыттары іске қосылып, Ақтөбе қаласындағы шығарылған хром кенінің көлемі артты.

Д.А.Қонаев металл өңдеу және көлік жасау салаларында өндіріс тиімділігін арттырып, Өскемен, Орал, Қарағанды, Петропавл, Шымкент, Алматы қалаларында көлік жасау зауыттары құрылды. Алматы ауыр машина жасау зауыты шығарған өнім әлемнің 40-тан астам мемлекетіне таралды. Қазақ жерінің аумағында көмір мен мұнай кен орындары ашылып, Қазақстан отын-энергетика өнеркәсібінің ірі орталығына айналды. Тараз және Шымкент қалаларында орналасқан комбинаттар сары фосфор өндіру бойынша әлемде бірінші орында болды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев ғылым саласында орасан зор қызмет етті. 100-ден аса ғылыми еңбектермен зерттеулер жазды.

Қазақ өнерін жоғары бағалаған Дінмұхамед Ахметұлы өнерде жүрген жандарды жан-жақты қолдап, қазақ мәдениетінің дамуына ықпал етті. Өнер ордалары салынып, мәдениет үйлері өз қызметін бастады. Қазақ жерінің барлық аймақтарында дерлік білім және мәдени ошақтар ашылып, тұрғын үйлер тұрғызылып, әлеуметтік нысандар салынды.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың бастамасы бойынша қазақ жерінің сол кездегі астанасы Алматы қаласында Үкімет үйі, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің ғимараты, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының ғимараты тұрғызылды. Оқушылар сарайы жас өнерпаздарға есігін айқара ашты. Республика сарайы, Спорт және Мәдениет сарайы, «Медеу» спорт кешені, Ұлттық кітапхана, цирк сынды мәдениет, білім және спорт нысандары бой көтерді. Авто, аэро және темір жол вокзалдары, әуежай, «Алматы», «Отырар», «Жетісу», «Алатау», «Достық», «Қазақстан» қонақүйлері салынып, қала көркін ашты.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев 1993 жылы тамыздың 22-сінде, 82 жасқа қараған шағында қайтыс болды.

#ЖОЛДАУ2022

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстанды» бірге құруға үндеді. Қазақ елі бейбітшілік мекені екені анық. Мұны халқымыздың дархан көңілімен байланыстырамыз. Бүгінгі таңда қастерлі отанымызды дамытудың бағыт-бағдары айқындалуда. Осыған орай, Саясаттану, философия және дінтану институты директорының орынбасары, экономика ғылымының кандидаты Үлес Мадиярұлын әңгімеге тартқан едік.

– Мемлекет басшысы Жолдауында жаңадан өңірлер құрылатынын, жалпы игі бастамалар көтерді. Ой-пікіріңізді қоссаңыз?

– Әрине, тиімді бастама! Ұлытау, Жетісу, Абай облыстарын ашу – тарихқа құрмет іспетті дүние. Көпшілік те қуанып жатыр. Бұрын ол өлкелердің облыстық статусы да болған. Мен бір ғана мысал келтірейін. Мәселен, Алматы маңындағы Қаскелең, Талғар сынды аудандар маңындағы тұрғындар Талдықорғанға сабылатын. Енді олай студия қажеті жоқ. Қапшағайға Қонаев атауы беріледі. Бұл да көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Димаш Ахметұлының рухына, аңыз тұлғаға көрсеткен құрмет деп білеміз.

Жалпы, әрбір саяси шешім шығарылмас бұрын әбден қаралады, сүзгіден өтеді. Ол – заңдылық. Күнделікті тірлікте де солай ғой. Сондықтан еліміздегі өзгерістер жақсылыққа бастайтынына сенеміз. Әрбіріміз өз саламызға



да табысты еңбек етсек озамыз, дамудың даңғыл жолына түсеміз.

– Экономикалық тұрғыдан қандай істер атқаруымыз керек деп ойлайсыз?

– Жуырда Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы елдегі аса ауқатты адамдармен кездесті. Әлеуметтік-экономикалық даму бағыт айқындады. Бұл да болса «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатына жақын үрдіс.

Жарқын болашақ бастауы

Қазақстан экономикалық тұрғыдан дамып, өркендеп келе жатыр. Бүкіл әлемді пандемия тығырыққа тіреді. Сауда-саттық бәсеңдеді. Елдер арасындағы тауар айналымы азайды. Оның үстіне геосаяси жағдайды қосыңыз. Осының бәрі өз әсерін береді. Бізде осындай тұрақсыздықтарға қарсы іс-қимылдар, жоспарлар бар. Мұндай кезеңдерде жаңадан қаржы табу көздері ашылады. Барлық мәселе шешіледі. Барлық қарама-қайшылықтар келіссөздер арқылы орнайды. Сол себепті, барлық жағдайға дайын болған абзал.

Қаржы көздерін, инвестиция тарту маңызды. Қазір блокадаға түскен үлкен бизнес өкілдері жаңа жұмыс нысандарын қарастырып жатыр. Соларды өзімізге тартқан жөн. Қалталы кәсіпкерлер бізге өз қаржыларын салса, нұр үстіне нұр болмақ. Осындай істерді жүзеге асырсақ, жаңадан зауыттар мен фабрикалар салынады. Олар біздің экономикамызға зор серпін орнатар еді. Импортты азайтып, экспортқа басымдық берер едік. Аталған ойларымыз жүзеге асырылып та жатыр. Экономика қуатты болса, ел бақуатты деген сөз.

– Білімді, жігерлі жастарды тәрбиелеу, көтеру үшін қандай істер атқаруымыз керек?

– Бізде білгір жастар жетерлік. Қазақтың қарақөздері әлемді таңдандыруда. Мәдениет, өнер, білім мен ғылымды өркендетіп, табысты қызмет етіп келе жатқан жасөрендерге қайран қалудамыз. Мәселе мынада. Ауылдан келгендеріне мүмкіндік берілу қажет. Елді-мекендерде жұмыс көзі тапшы. Бұл жағы жасырын емес. Сондықтан жұрт қалаға ағы-

лады. Оның ішінде алып үш мегаполисімізге келуде. Сөйтіп, қалада әртүрлі істер атқаруда. Дегенмен, баршасы бірдей ұшпаққа шыға бермейді. Егер ауылдық жерде жастарға жұмыс орындары болса, қалаға ойыспас еді.

Бүгінде ғылымға жас ғалымдар араласуда. Олардың тәжірибесі аз. Сондықтан бейімдеп, үйретіп, келешекке сапалы кадр дайындауымыз қажет. Арамызда үлкен ғылым кандидаты, доктор, профессорлар бар. Солардың жолын жалғастыру үшін ғылымға жастарды тартсақ, ұтамыз. Жан-жағынан бағамдап қарағанда көп пайда болар еді.

– Дәстүрлі сауал, болашақ кімнің қолында?

– Жаңа біраз ойды қозғадым. Жас күнімде сыныптастарым мектеп бітіріп, Томск университетіне оқуға кете бастады. Өйткені, сол жақтан келіп, үгіт-насихат жүргізген болатын. Кім жақсы оқу оқып, ыңғайлы жатақханада тұрып, мықты жұмысқа орналасуды қаламасын. Әлбетте, ондайды баршасы қалайды. Мен сол уақытта әкеммен ақылдас-тым. О кісі осында қалуды, өз туған жерімде қызмет істеуді ұсынды. Өлгілердің біреуі де елге оралмады. Томскіде, Санкт-Петербургте қалды. Үйленді, сол елге сінді. Мен әкемнің ақылын тындап, осында жүргеніме разымын. Білімділер шетелге кете берсе, не болмақ?!

Айтарым, еліміздің болашағы алғыр, отаншыл, ақылды, тәрбиелі азаматтардың қолында деп білеміз. Болашағымыз жарқын болсын!

– Сұхбатыңызға рахмет!

Бетті дайындаған Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



МӘСЕЛЕ

БІЛІМ мен СӨМКЕ арқалаған баланың жүті ауыр

Сонадайда 8-9 жастағы қыз бала кетіп барады. Жаңбыр жауып тұрған. Бір нәрсе есіне түсе кетті ме, әлгі бүлдіршін жотасындағы рюкзакін алып, су, батпақ болып жатқан жерге қоя салды да, ішіне екі білегін бойлата сүңгітіп жіберіп, бірдеңе іздей бастады. Іздегенін таппаған сыңайлы, сөмкесін қираландап барып қайтадан арқасына іліп алды. Ал сөмкенің ауыр екені алыста келе жатқан маған білініп тұрды.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Негізі, мектепке ұстайтын сөмкелерге де қойылатын өзіндік талаптары бар. Мәселен, мамандардың пікірінше, рюкзактың иықбауы жалпақ, иыққа батпайтындай болуы керек. Ол иықтан төмен тартпай, белден 5 сантиметр жоғары тұруы тиіс. Сосын сөмкенің баланың жасы мен жынысына қарай таңдау қажет. Ішіне салынатын оқулықтардың бір-біріне тығыз орналасуы маңызды екен, яғни сөмке жотада қолпылдап тұрмауы керек. Сонымен қатар, қараңғы кезде көзге шағылысатын жарқын түсті жолағы болған жөн, ол жаяу жүргіншілер жолынан өтер кезде баланың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Португалия мамандары мектеп сөмкесіне қанша келі зат салу керектігін болжайтын формула ойлап тапқан. Нақтырақ айтсақ, оқушының сөмкесіндегі заттың салмағы бала салмағының 10%-ын ғана құрауы тиіс. Яғни баланың салмағы, айталық, 30 келі болса, сөмкедегі зат 3 келіден аспауға тиіс. Осы тепе-теңдік ескерілген жағдайда ғана баланың денсаулығына ешқандай қауіп төнбейді.

Иә, оқушының ең қажетті басты құралы – сөмке. Байқасаңыз, бала үшін мектеп сөмкесін таңдау да үлкен жұмыс әрі қуаныш. Үш ай демалыстан соң жаңа оқу жылына өзгеше болып барғысы келеді. Олар көбіне түсіне, суретіне қарап таңдау жасап жатады. Алғашқы күндері үзіліс кезінде, әсіресе, әдемілікке жақын қыздар жағы бір-біріне сөмкелерін көрсетіп, мақтанатыны да заңдылық. Ал сол қарапайым сөмке де баланың денсаулығын бұзып жатыр.

Бір жылдары отандық мамандардың «әрбір екінші баланың омыртқа жотасы қисайған» деп дабыл қаққаны есімізде.

Бұл соңғы оншақты жылда күніне 5 келіден артық сөмке көтере бастаған балалардан байқалған. Ал «бүкірейген ұрпақтың» болашағы айтпаса да түсінікті.

Омыртқа жотасы – бүкіл денеміздің тірегі. Ал 6-7 жастағы балалардың омыртқа жотасы тез қисаяды. Бұл уақытта омыртқааралық шеміршектердегі зат алмасу процесі өте қарқынды жүреді екен. Сондықтан түрлі жағдайлардың әсерінен омыртқаның өсуі бұзылып, омыртқа жотасының патологиялық сколиозы пайда болады. Сондықтан дәрігер-мамандар рюкзакты дұрыс асынуға кеңес береді.

Осындайда балалық шағымыз Кеңес заманында өткен біздің мектеп сөмкеміз еске оралады. Екі иыққа асып алып кете беретін рюкзак деген жоқ о заманда. Қираландағанның көкесі сол кезде болған шығар. Біз бір тұтқалы сөмке ұстап өскен ұрпақпыз. Қолымыз талғанда, екінші қолымызға ауыстырып алып, бір бүйірімізге қисайып алып кете баратынбыз. Солай.



Ал өркениетті мемлекеттердің біразында оқушылар мектеп оқулықтарын аркалап жүрмейді. Кітаптар мектеп сөресінде қалады. Үйге келген бала сабағын электронды оқулық, яғни планшет арқылы оқиды. Міне, ауыр сөмке мәселесінің қарапайым шешімі осы.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

«МЕКТЕПКЕ ӨЗІМ АПАРЫП, ӨЗІМ АЛЫП ҚАЙТАМЫН»

Дүрия ҚОЖАБАЙТЕГІ,
зейнеткер:

– Ұлым мен келінім күні бойы жұмыста, немереме өзім қараймын. Бір жағынан ермек. Мектепке де өзім апарып, өзім алып қайтамын. Сөмкесін де көтеріп келемін. Кейде «өзім көтерейінші» деп қарсыласатыны бар. Оған жел сокса ұшып кетейін деп тұрған жұқалтаң баламды аяймын. Әзірге бойымда күш-қуатым барда көтеремін ғой. Өзіңіз білесіз, бастауыш сынып оқулықтарының көлемі үлкендеу келеді. Бала болған соң, кейде сөмкесіне керек емес заттарын да салып алады. Ата-ана оны да бақылап отыруы керек.

Майра САРШАЕВА,
балалар дәрігері:

– Ауыр сөмке баланың қан қысымының қалыптан шығуына әсер етеді. Тіпті, әлі бұғанасы қатая қоймаған оқушының кеуде сүйектері қисаюы да мүмкін. Мұның салдары мидың қалыпты жұмысына кері әсерін тигізеді. Тіпті, майтабандылыққа әкелетін қауіп бар. Ауыр сөмкені еңсеріп жүру үшін балаға кейде еңкейіп жүруіне тура келеді. Ал одан баланың көру қабілеті төмендеуі де мүмкін.

Жарқынай ЕСЕНАМАН,
ата-ана:

– Шыны керек, сөмке сатып аларда, көбіне баланың таңдауына ерік беріп жатамыз. Ал бала сөмкеге қойылатын талаптарға қайдан құлақ ассын. Мәселен, биылғы оқу жылында қызым авокадо жемісінің суреті бар сөмкені «аламын да, аламын» деп тұрып алды. «Сенің денең нәзік, ал мына сөмкенің көлемі саған үлкендеу көрініп тұр» десем де тыңдамады, «жоқ, осы сурет сәнде қазір» деп. Алдыңқы ақыры. Ол сөмкесі үлкен болғасын, оған дене шынықтыру киімдерін де нығарлап салып алады. Мектепке келгенде ауыстыратын аяқкиімі, үйден алып шығатын прәндігі, су құйып алатын ыдысы бар дегендей. Оқулықтары болса да ауыр. Қыс мезгілінде тіпті қиын. Шетелдерде мектепке кітаптарын тасып жүрмейді екен деп естіміз. Бізге де сондай жағдайлар жасалса дейміз.

БІЛІМ

Мектепке дайындық

1 сәуірде 1-сыныпқа құжаттарды қабылдау басталып, 1 тамызға дейін жалғасады.

Досбол
АТАЖАН

Азаматтарға ыңғайлы болу үшін құжаттарды қабылдау және балаларды мектепке қабылдау мемлекеттік қызметі толығымен автоматтандырылған. 1-сыныпқа қабылдау Egov.kz электронды үкімет веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Айта кеткен жөн, 1-сыныпқа 6 жасқа толған балалар, сондай-ақ күнтізбе бойынша осы жылы 6 жасқа толатын балалар қабылданады. Ол үшін баланың ата-анасының немесе заңды өкілінің өтініші, сондай-ақ баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі,



026/у-3 және 063/у нысанындағы денсаулық жағдайы туралы құжат, сондай-ақ оқушының өлшемі 3x4 болатын екі фотосуреті қажет.

Өңірлердегі білім басқармалары әлеуметтік желілер мен

БАҚ арқылы ата-аналар арасында балаларды мектепке қабылдау ережелері туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Биыл 400 мыңнан астам бала 1-сыныпқа барады деп күтілуде.

#БАЛАЛАРЖЫЛЫ2022

Жеңімпаздар тегін оқиды

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев наурыз айындағы Жолдауында:

«Дарынды балаларға жан-жақты қолдау көрсету қажет. Біз оларға жоғары оқу орнына түсу үшін конкурстан тыс гранттар береміз. Бір реттік ақшалай сыйақы да төлейміз. Балалардың ұстаздарын да моральдық және материалдық тұрғыдан ынталандырған жөн», – деп тапсырма берген еді. Осыған орай Білім және ғылым министрлігі халықаралық пәндік олимпиадалардың, шығармашылық байқаулар мен спорттық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне ынталандыру сыйлықтарын беретінін хабарлады.

Халықаралық олимпиада жеңімпаздарын ынталандыру және қолдау мақсатында:

- алтын медаль иегерлеріне 1500 АЕК;
- күміс медаль иегерлеріне 1000 АЕК;
- қола медаль жүлдегерлеріне 500 АЕК көлемінде біржолғы ақшалай сыйлық беріледі.



Халықаралық пәндік олимпиадалардың, шығармашылық байқаулар мен спорттық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері Қазақстанның жоғары оқу орындарында ҰБТ тапсырмай-ақ тегін білім алу құқығына ие болады.

Халықаралық олимпиадада алтын медаль иегерін дайындаған ұстаз 150 АЕК, күміс медаль – 100 АЕК, қола медаль – 50 АЕК көлемінде сыйақы алады.



ОРАЗА – 2022

РАМАЗАН – ТЫЙЫЛУ АЙЫ

Биыл қасиетті Рамазан айы 2 сәуірде басталып, 1 мамырда аяқталады. Ораза 30 күнге жалғасады. 27-сінен 28 сәуірге қараған түн – Қадір түні. 2 мамыр – Ораза айт күні. Пітір садақа мөлшері – 500 теңге болып бекітілді. Қасиетті ай қарсаңында Алматы қаласының бас имамы Төлеби Дәділұлы ОСПАНМЕН тілдесіп, Рамазан айын берекелі өткізуге қатысты сауалдар қойып едік.



– Төлеби Дәділұлы, исламдағы оразаның үкімі қандай?

– Рамазан оразасы – Ислам негізін құрайтын бес парыздың бірі. Құран Кәрімде: «Уа, иман келтіргендер! Ораза бұрынғыларға парыз етілгендей, сендерге де парыз етілді», – деп баяндалады (Бақара сүресі, 183-аят). Сонымен қатар, пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Ислам бес негізге құрылған: Алладан басқа Құдай жоқ екеніне, Мұхаммед Алланың құлы әрі елшісі екеніне куәлік ету, намаз оқу, зекет беру, рамазан оразасын ұстау және шамасы жетсе қажылыққа бару», – деген (Бұхари).

Шағбан айының соңғы күні Пайғамбарымыздың (с.а.с) мұсылман жұртшылығына айтқан насихатында: «Уа, адамдар! Сендерге ұлық, берекелі ай келіп жетті. Бұл айда мың айдан артық Қадір түні бар. Алла осы айда ораза тұтуды парыз етті, ал түндеріндегі намазды қосымша құлшылық етті. Рамазанда Аллаға бір ізгі қасиетпен жақындаған жан басқа уақытта парыз амалын орындағанға тең. Ал парыз амалын орындаған адам басқа уақытта жетпіс парызды атқарғандай (сауап иеленеді). Бұл – сабырлық айы. Ал сабырдың сыйы – Жәннат. Рамазан – өзара жанашырлық айы. Ораза айында мүмкіннің ырзық-несібесі еселенеді...», – деп сүйіншілейді.

– Ораза кімдерге парыз, кімдерге парыз емес?

– Балиғат жасына толған, ақыл-есі дұрыс, жолаушы емес әрбір мұсылман ер мен әйелге парыз. Демек, әрбір балиғат жасына толған, ақыл-есі дұрыс, ораза ұстауға күші жететін, сондай-ақ тұрғылықты жерінде болған мұсылманға рамазанда ораза тұту парыз.

Рамазан – тыйылу айы. Жеп-ішуден ғана емес, күнә атаулыдан, жамандықтан тыйылу маусымы. Негізі, күні бойы аш жүріп, ораза ұстау қиын емес. Ең қиыны – он екі мүшемізге ораза ұстату. Хадисте: «Кімде-кім жаман сөзі мен жаман іс-әрекеттен тыйылмаса, оның тамақ жеуден және сусын ішуден тыйылғаны Алла Тағалаға ешбір керегі жоқ», – деген. Демек, дене-мүшелерімізді теріс іс-әрекеттен тыю – ораза талаптарының бірі.

– Ораза ұстаушы әр күнге ниет ете ме?

– Оразаның әрбір күні өз алдына бөлек ғибадат. Сондықтан әр күнге жеке ниет ету шарт болып саналады. Фихх ғалымдары бір күннің оразасын бұзу басқа күндердің оразасын бұзбайтынын айта отырып, Рамазан оразасының әр күніне жеке-жеке ниет ету қажет деген тұжырымға тоқтаған.

– Ал қандай жандарға ораза тұтпауға рұқсат етілген?

– Адам әдетте шыдай алмайтындай деңгейде ауырып тұрса, не болмаса сырқат науқастың өміріне қауіп төндіретіндей деңгейде болса, оразадан уақытша босатылады. Ауруынан айыққан соң қазасын өтейді.

Ескере кететін жайт, қарттық жеңген кісілер мен айықпас дертке шалдыққандар оразадан босатылады. Оразаның өтеуі ретінде фидия береді. Фидияны Рамазанның басында не ораздан кейін де беруге болады. «Бақара» сүресінің 184-аятында мұндай кісілер жайлы «бір міскіннің тамағын берсін» делінген. Әрбір күннің оразасы үшін бір кедейді таңертең және кешке екі мезгіл тоятындай рамазан бойы тамақтандырады. Сондай-ақ, фидияның ақшасын кедейге беруіне де болады. Бір кісінің фидиясын бір адамға, яки бірнеше адамға бөліп беруге де болады.

– Қай кезде оразаны қаза қылуға болады?

– Алыс сапарға шыққан жолаушы, ораза ұстаса ауруы асқынып кететін науқас, жүкті әйел және емізулі ана Рамазан оразасынан уақытша босатылады. Құран Кәрімде: «Ал кім (осы айда) науқас болып немесе сапар шегіп ораза ұстамаса, (қаза болған күндерін) басқа уақытта ұстасын. Шынында, Алла сендерге жеңілдік қалайды, ауыртпалық артқысы келмейді», – деп баян етіледі (Бақара сүресі, 185-аят).

– Сәресіге ұйықтап қалған адам не істейді?

– Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «ашура» күні хабарлаушы кісіге: «Кімде-кім бір нәрсе жеп қойған болса, аузын күннің соңына дейін берік етіп тамамдасын. Ал ештеңе жемеген адам, сол күйінше жемесін (ораза ұстасын)», – деп жар салуын бұйырды (Бұхари).

Демек, сәресіне ұйықтап қалған адам ұйқысынан тұрғанда нәр таппастан, ниет етіп оразасын жалғастырады. Бастысы, таңертең ешнәрсе ішіп-жемеуі және түске дейін ниет етіп үлгеруі тиіс.

– Өмірден өтіп кеткен жақындарының атынан ораза ұстауға бола ма?

– Науқас немесе жолаушы секілді қандай да бір шариги себеппен ораза тұтпаған кісі қайтыс болса, ұстай алмаған оразасының қазасын өтемейді. Қазасы бар кісі оразасын ұстауға мүмкіндігі бола тұра өтемей дүние салса, артында қалған туыстары оның оразасын тұта алмайды. Хадисте: «Ешбір адам басқа бір адам үшін намаз оқи алмайды, ораза тұта алмайды. Бірақ оның атынан әр күн үшін бір өлшем бидайды кедейлерге бере алады», – делінген (Тирмизи). Ханафи ғалымдарының көзқарасы бойынша қайтыс болған адам өтелмеген оразасы үшін фидия беруді туысына, яки баласына өсиет етсе, әрбір күніне бір кедейге фидия беріледі.

– Рамазан айында берілетін пітір садақаны ақшалай берген жөн бе, әлде азық-түлік алып берсе де бола ма?

– 2022 жылғы Рамазан айында бір адам үшін берілетін пітір садақа мөлшері 2 келі ұнның нарықтағы орташа бағасымен есептеліп, 500 теңге етіп белгіленді. Дегенмен, бай, ауқатты адамдар пітір садақаны 2 келі мейізбен (4990 теңге) немесе 4 келі құрмамен (9135 теңге) бергені жақсырақ. Ал підия мөлшері – бір адамның күнделікті (таңғы және кешкі) тойып ішетін асы. Оның биылғы мөлшері 3000 (үш мың) теңге болып бекітілді. Бұған шамасы келмегендер оразаның әр күніне пітір садақасының құнын береді.

Пітір – Рамазан айының соңында, яғни айтқа жетіп, негізгі қажеттіліктерінен тыс ең кемінде нисап мөлшеріндей дүниеге ие, бас бостандығы бар әр мұсылман үшін уәжіп болған садақа. Хадисте: «Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ораза ұстаған адамды ұнамсыз сөздер мен жағымсыз іс-әрекеттерден тазарту әрі кедейлерді тамақтандыру үшін пітір садақаны міндеттеді. Кім пітірді (айт) намаздан бұрын берсе, ол пітір садақа болып қабылданады, ал намаздан кейін берсе, жай ғана садақа болып есептеледі», – делінген (Бұхари).

Жалпы, пітір садақа 2 келі бидай (ұн, талқан, т.б.) не мейізбен, немесе 4 келі құрма не арпамен есептеледі. Дегенмен, азық-түліктің орнына пітір садақаға оның ақшалай құнын бергені абзал («Әл-фәтауа әл-хиндия», 1/210-211). Қазіргі таңда бидайдың өзі емес, ұн, талқан секілді оның өнімдері кен қолданылады. Сол себепті, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы пітір садақаны үнмен есептеуге пәтуа берді. Өйткені, шариятта бидаймен қатар оның өнімдерімен де пітір садақа беруге рұқсат етіледі. Сондай-ақ, хадистегі «бір сағ» өлшем бірлігі – 4 келі, «жарты сағ» 2 келі деп бекітілген. Аталған өнімдердің базардағы құнымен пітірді ақшалай беру мұқтаждарға тиімдірек. Осы негізге сүйене отырып, биыл пітір садақасы 500 теңге деп бекітілді.

– Сөз соңында Алматы мешіттерінің Рамазанға дайындығы жайлы айтып өтсеңіз. Биыл жамағатпен тарауих намазы оқыла ма?

– Алматы мешіттерінде қасиетті Рамазан айын атап өту үшін арнайы жоспар бекітілді. Ораза айына қаладағы барлық мешіттің дайындығы пысықталды. Биыл қаладағы 52 мешіттің 47-сінде тарауих намазында Құран хатым түсіріледі. Қалған 5 мешітте тарауих намазы Құран хатымсыз оқылады. Рамазан – Құран айы. Сол себепті, осы айда қала мешіттерінде Құран әліппесі мен намаз үйрету курстары жүргізіледі.

Алматы Орталық мешітінде «Рамазан шатыры» құрылып, күнделікті 500 кісіге ауызашар дастарханы жайылады. Сондай-ақ, қала мешіттерінде де ауызашар беріледі. Ауызашар бергісі келетін кісілер мешіттердегі жауапты мамандарға жолығуларына болады. (Байланыс тел.: 8 778 382 88 36).

Оразаның алғашқы күні жұртшылыққа ораза айының келгенін сүйіншілеу мақсатында «Қош келдің, Рамазан!» айдарымен қала көшелерінде 100 000 (жүз мың) дана су мен құрма таратылады. Бұл шараға имамдар бастаған жастар жамағаты мен блогерлер жұмылдырылмақ. Сонымен қатар, «Жақынына сыйлық сыйла» және «Жарапазан» эстафеталары ұйымдастырылады.

Қала мешіттерінде күнделікті тарауих намазының алдында елді ынтымақ пен бірлікке шақыратын танымдық уағыздар мен оразаның хикметтері жөнінде дәрістер жүргізіледі. Одан бөлек, «30 күнге 30 уағыз» және «Рамазан және Ихан» тақырыптарында видео-уағыздар оқырмандарға ұсынылмақ. Жас жұбайларға арналған «Отбасы құндылығы» тақырыбында семинар өткізу де жоспарға енгізілді. Насихат жұмыстарына РАНТ пен ЖАНТ мүшелері тартылады.

Оразаға, жалпы, діни мәселеге қатысты қандай да сұрақтар болса, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы жанынан ашылған Діни ақпарат беру орталығынан жауап алуға болады. Орталық нөмірі – 8 (7172) 33-30-30. Сондай-ақ, Алматы Орталық мешітіне қарасты орталық нөмірі 8 (727) 329-09-66, 8 700 719 76 22.

– Мазмұнды әңгіменізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Әсел ДАҒЖАН.

АУЫЗАШАР

Алматы мешіттерінде 10 мыңға жуық адамға ауызашар беріледі. Ал Орталық мешітте күн сайын 500 адамға ауызашар дастарханы жайылады.

Бас имам үндеу жасады

Бұл туралы онлайн брифинг кезінде Алматы қаласының бас имамы Төлеби Оспан айтты. Рамазан – Құран айы болғандықтан осы айда қала мешіттерінде Құран әліппесі мен намаз үйрету курстары жүргізіледі. Одан бөлек, биыл Рамазан айында «Ел үлесі – пәтерге», «Шарапатты Рамазан», «Рамазан қоржыны», «Рамазан тәбәрігі» сынды ауқымды қайырымдылық іс-шаралар да ұйымдастырылмақшы.

Брифинг кезінде бас имам қала кәсіпкерлерін қасиетті айдың құрметіне орай халқымыздың тұрмыс жағдайын ескеріп, әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен азық-түлік бағасын мүмкіндігінше 10 пайызға дейін төмендетіп, жеңілдік жасауға шақырды.

«Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кімде-кім бауырының қажетін өтесе, Алла оның қажетінде болады. Кімде-кім мұсылманның бір қайысын сөйілтсе, Алла оның қайғы-қасіреттерінің бірін сөйілтеді», – деген. Рамазан – Раббымыздың мейірім-махаббатына бөленетін ай. Ендеше, берекелі айдың берекетінен құр қалмайық!», – деп бас имам барша кәсіпкерлерге үндеу жасады.

Осы тұста Алматы қаласындағы «Small» және «Skif» сауда желілері Бас мүфти үндеуіне үн қосып, қасиетті Рамазан айында 100 отбасыға азық-түлікпен көмек көрсетуге ниет білдіруде. Егер Алматыдағы мешіттердің бірінде ауызашар жасағысы келген қалалықтар болса, мешіттердегі қызметкерлерге хабарласа алады. Телефон нөмірі – 7 778 382 88 36.

ЖАҢА САЙТ

RAMADAN2022.KZ іске қосылды

Рамазанға қатысты сұрақтар қамтылған кітапша қала мешіттерінде қазақ тілінде 10 000 дана, орыс тілінде 5000 данамен тегін таратылады.

Бұл туралы Алматы қаласының бас имамы Төлеби Оспан онлайн брифинг кезінде ресми хабарлады. Биыл барша мұсылман қауымы асыға күткен Рамазан айы 2 сәуір күні басталады. Бірінші сәуір, яғни жұма күні кешкілік қала мешіттерінде алғашқы тарауих намазы оқылады. Сол күні түнде сәресіне тұрып, ауыз бекітеміз.

– 1 сәуір күні жұма намазынан кейін қала мешіттерінде «Оразаға қатысты сауалдарға жауап беру алаңы» деген атпен жамағаттың діни сұрақтарына жауап беру шарасы өткізіледі. Алматы өкілдігі «Оразаға қатысты 200 сұрақ» атты кітапшаны «Muftuat» баспасынан шығарып, оқырмандарға ұсынып отыр. Рамазанға қатысты сұрақтар қамтылған кітапша қала мешіттерінде қазақ тілінде 10 000 дана, орыс тілінде 5000 данамен тегін таратылады. Сондай-ақ, 15 000 тиражбен ораза кестесі және 5000 тиражбен қысқаша ораза нұсқаулығы қамтылған брошюраны да тегін таратпақымыз, – деді бас имам.

Брифинг кезінде белгілі болғандай, Алматы өкілдігіне қарасты «azan.kz» сайтына бір күнде 20 мыңнан астам оқырман кіретін көрінеді. Ал Рамазан айында оразаға қатысты мәлімет іздеушілер саны 50 мыңнан асып жығылады екен. Сайтқа бір мезетте кірушілердің көптігінен сайт жұмысы тоқтап қалатын кездер де болады. Сондықтан биыл мүфтият «azan.kz/kz/ramadan» парақшасын қазақ-орыс тілдерінде ұсынуда. Оған қоса, жаңадан «ramadan2022.kz» мобильді сайты да арнайы іске қосылды. Бұл сайтта оразаға қатысты мәліметтермен қатар, Алматы Орталық мешітінде айтылатын уағыз кестесі, тарауих намазында Құран хатым түсірілетін мешіттер, халал сертификат алған мейрамханалар тізімі және өзге де рамазан айына қажетті ақпараттар енгізілген. Оразаға, жалпы діни мәселеге қатысты қандай да сұрақтар болса, Алматы Орталық мешітіне қарасты орталық нөміріне 8 (727) 329-09-66, 8 700 719 76 22 хабарласуға болады.

Дайындаған Әсел БЕЛДЕУБАЕВА.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

ҚАСИЕТТІ ЖҰМАДА – НАН ТЕГІН



Ас атасы – нан. «Нан болса, ән де болады». Нан – тоқшылықтың белгісі. Бұл дәлелденген аксиома.

Нан алмақ болып, үйдің қасындағы дүкенге кірдім. Сөредегі нанды алып, енді ақшасын төлейін деген оймен, қалтама қолымды салып едім, сатушы «нан тегін» деді. «Қалай сонда?» дедім. Сатушы әр жұма сайын нанның осылай тегін екенін айтты. Дүкен иесінің сөзіне қарағанда ашылғалы бері осы үрдісті дәстүрге айналдырған екен. Бұл, әрине, олардың байлығының тасығанынан емес, қымбатшылық арқаға аяздай

батқан заманда қала тұрғындарына аз да болса, көмек қолының созығаны деп түсіндім.

Ізгілік жолын ұстанып, көпті қуанып жүрген Сәлима Дінімқызы ашқан азық-түлік дүкені Алматы қаласы, Алатау ауданына қарасты «Нүркент» шағынауданында орналасқан. Мұндай қайырымдылық шарасы көпке үлгі болуға тиіс. Бәлкім, бір бөлке нанға жұмсайтын ақшасы басқа бір керек затын алуға да қажет болар. Оның өзі үлкен көмек қой. Әр істің қайыры бар. Жақсылық жанымызды жадырататынын ұмытпайық.

Кенже НЕСПБАЙҚЫЗЫ.



Almaty Gallery-да
нидерландылық әйгілі
суретші Винсент Ван Гог
картиналары
репродукцияларының
көрмесі өтуде.

ТЫМ ҚҰПИЯ

Ван Гог



Динара
МУРАТ

Almaty Gallery Арт-Экспомен бірлесе отырып Ван Гогтың 80-ге жуық картиналарының жакле техникасында жасалған репродукциясын ұсынады. Көрменің ашылу салтанаты 18 наурыз күні Концерттік оркестр квартетінің музыкалық сүйемелдеуімен өтті.

Галереяның басты залын алған көрмеде кылқалам шеберінің шығармашылық жолының бастан-аяқ табысты жұмыстары қойылған. Винсент Ван Гог өзінің суретшілік жолын басқа шеберлермен салыстырғанда кеш бастады, алайда бар болғаны он жылда 800-ден астам картинаның, 2000-нан астам суреттердің авторы атанып үлгерді. Тірі кезінде атак пен мансапқа ие болмаған дарын иесінің өмір жолы картиналары сияқты құбылмалы, өзгерістер мен эмоцияға толы еді. Оның шығармашылығын көзбен көріп, оның өмірі мен жан-дүниесіне үңілуге болады.

Көрменің басында оның шығармашылық жолының бастапқы туындылары берілген. Оншақты картинаны өзгелерден бірден ажыратуға болады. Тұнып тұрған реализм, қоңыр-қара аралас суық түстер мен мұңды атмосфера. 1869 жылы еңбек жолын ағасы Винсенттің фирмасында арт-дилер болып бастаған болашақ суретші үнемі іздену жолында жүріп, мұғалім де, әкесінің жолын қуып шіркеу пастері де болады. Басты мақсаты – адамдарға пайдалы болу, тіршілігінің мәнін табу. Сөйтіп, Ван Гог 1878 жылы желтоқсанда алты айға миссионер ретінде Боринаждағы Патюраж ауылына бет алды. Онда қарапайым шахта жұмыскерлеріне уағыз оқыды, бірақ ауыр жұмыстан көз ашпаған, кедейшіліктің дәмін татып келген адамдарға уағыздың аздық ететінін түсінеді. Міне, осы сәтте ол шығармашылыққа бет бұрып, алғашқы жұмыстарын дүниеге әкеледі. Өнер арқылы қара жұмысшылардың шынайы бейнесін, бейнетін жеткізгісі келді. Жеткізді де. Сондықтан бастапқы картиналардан біз білетін Винсентті көру мүмкін емес. Көрмеде бастапқы кезеңге тән «Ымырттағы пейзаж», «Машинаның артындағы тоқы-

машы сол жақтағы көрініс», «Үй» сынды картиналарды көруге болады. Алайда, осы уақыт аралығындағы ең танымал, үздік жұмыстарының бірі – «Картофель жеушілер» суретін көре алмағанымызға күрсінгеніміз бар.

Көтерген тақырыбы бойынша Ван Гогтың ерте шығармаларын реализмге жатқызуға болғанымен, орындау тәсілі мен техникасында бұл стильге тән емес дүниелер көп. Суретшінің көркемдік білімінің жетіспеушілігінен туындаған көптеген мәселелердің бірі – адам фигурасын бейнелей алмауында. Ақыр соңында, бұл оның стилінің негізгі белгілерінің біріне – табиғаттың ажырамас бөлігі

бастады. Содан әлгі жапондық гравюралар бүкіл Еуропа елдеріне таралып, бұған дейін аңыз болған шығыс өнеріне жол ашты, біраз шығармашылық адамдарын таңқалдырып, тамсандырды. Суретшілер бірінен кейін бірі гравюраларды көшіріп, иллюстрациялар, кескіндемелер мен картиналар сала бастады. Ван Гогта олардан алыс кетпей, шын жүрегімен жапондық өнерге ғашық болды, ашық түрлі-түстерден, сюжеттері мен табиғат көріністерінен шабыттана түсті.

Көрменің басты картиналарының қатарында осы кезеңге сай келетін «Сайқал» бейнесін атап өтуге болмайды. Бұл этюд 1886 жылғы «Пари Иллюстре» журналы-



ретінде тегіс немесе өлшенген әсем қозғалыстардан айырылған адам фигурасын бейнелеуге әкелді.

1886 жылы ақпанда Ван Гог Антверпеннен Парижде өнер туындыларын сатумен айналысатын ағасы Теоға кетті. Міне, осы кезде оның өмірін өзгерткен, түрлі оқиғаларға бай Винсент өмірінің Париж кезеңі басталды. Суретші бүкіл Еуропаға танымал педагог Фернанд Кормонның беделді жеке көркемсурет студиясына барып, импрессионизм кескіндемесін, Жапон гравюрасын, Пол Гогеннің синтетикалық туындыларын зерттеді. Осы кезеңде Ван Гогтың сұр бояу реңктері жоғалып, палитрасында біз білетін ашық түсті, таза көк, алтын сары, қызыл реңктер пайда болды, техникалық жағынан импрессионизмге жақын өзіндік стилі пайда болды.

Осы жерде аса көңіл бөлетін жайт кылқалам шебері шығармашылығының күрт өзгеріп, түрлі түске боялуына үлкен әсер еткені – бүкіл Еуропаны жаулаған Жапон өнеріне деген қызығушылық. XIX ғасырда Еуропа елдерімен Күншығыс елі арасында сауда-саттық қайта жанданады. Жапондықтар форфор, кимано, басқа жәдігерлерді сата бастайды. Ал ол тауарларды «укиё-э» аталатын стильде салатын белді суретшілердің картиналарымен қаптай

Өмірінің екі жылын Парижде өткізіп, жалыққан, картиналары сатылмағаннан күрсінген суретші Францияның оңтүстігіндегі Арль қалашығына бет алып, онда суретшілер одағын құруды армандайды. Сол заманның бар дарындары мен мықтыларын бір шатырдың астында жинауды қалайды. Оның бұл бастамасын ағасы Теоның өтінішінен кейін тек Поль Гоген қолдайды. Винсент оған жазған хатында жол бойы табиғат бейнесінің өзгеріп, Жапонияға ұқсас реңкке боялғанын асыға күткенін жеткізген. Дәл осы жерде кылқалам шебері ағаштардың гүлдеу сюжетіне барынша бет бұрып, осы тақырыпта картина серияларын салады. Шабыт көзі – бағанағы жапондық суреттердегі сакура ағашының гүлдеуі. Оның әйгілі «Бадам ағашының гүлдеуі» картинасы Арльдегі сәтсіздіктерден, құлағын кескен сәтінен кейін салынып, бүгін ол туындысы да көрмеден өз орнын алған.

Атышулы оқиғадан кейін Досы Поль Гогенмен түсініспеушіліктер мен оның кетіп қалуы – Ван Гогтың жүрегіне ауыр тиеді. Ол бар мұңы мен қайғысын «Поль Гоген орындығы» картинасында бейнелейді. Орындық – картинаның басты кейіпкері, бар кеңістікті алып тұр. Табиғатынан жансыз орындық өмірден кеткен жандыны меңзейді. Кресло үстіндегі кітаптар Поль Гогеннің терең білімін білдіреді. Жалғыз шам іштегі қайғыны көрсетіп тұр. Себебі, оның жалғыз досы Поль Гогеннің кетіп қалуы – оның бар армандары мен мақсаттарының өлуімен теңбе-тең еді.

Көп ұзамай 1889 жылы 3 мамырда Ван Гогқа Арльдің жанындағы Сент-Реми-де-Прованс қаласындағы психикалық ауруға шалдыққандықтан Сент-Пол ауруханасына бару ұсынылды. Онда ол бір жыл өмір сүрді, жаңа картиналармен тынымсыз жұмыс жасады. Осы уақыт ішінде ол жүз елуден астам картина мен жүзге жуық сурет, акварель жасады. Өмірдің осы кезеңіндегі картиналардың негізгі түрлері – натюрморттар мен пейзаждар, олардың басты айырмашылықтары – ауруға шалдыққан адамның күйзелісі ерекше динамикамен берілген. Денсаулығына қарамастан, дәл осы кезеңде Винсент оны әлемге әйгілі еткен картина – «Жұлдызды түн» суретін жазады. Біреулер оның негізінде сол кездегі астрологиялық ашылулар жатыр десе, екіншілері жапондық гравюра «Канагавадағы үлкен толқынға» қарап салынған делінеді. Бәлкім, екеуі де өзіндік әсерін тигізген болар. Бұл суретті де өмірдегі мөлшерімен бірдей репродукциядан көре аласыз.



Жалпы ерекше, дарынды, мұңды суретшінің бар шығармашылығын бір мақалаға сыйдыру мүмкін емес. Бірақ біз көрмеде көрген, оның маңызды деген туындыларына шолу жасауға тырыстық. Ал егер оның өмірлік жолын тереңірек білемін десеңіз, оның басында импрессионисттерге қызығып, кейін оларды неге сынағанын, пост-импрессионизм стилінің қалай туындағанын білгіңіз келсе, картиналары неге 3D суреттер іспеттес әсер қалдыратынын түсінгіңіз келсе, қаламыздың төрінде орналасқан Алматы галереясына баруға әбден болады. Көрме 18 сәуірге дейін жалғасын табады.

ның мамыр айындағы нөмірінің мұқабасына орналастырылған Кесай Әйсеннің жұмысының әсерін көрсетеді. Картинаның өзгешелігі – Ван Гогқа аса тән емес символизмнің көп кездесуі. Мысалы, суреттің артқы бөлігінде бейнеленген тырналар мен бақа сол кездегі француз тілінің сленгінде жеңіл жүрісті қыздарды меңзеген. Ван Гогтың Күншығыс елімен қызығушылығы тек осы бір картинамен аяқталған жоқ. Оның «Жауын астындағы көпір», «Гүлдеген өрік», танымал «Екі шаяны» да сол әсердің ықпалымен салынған дүниелер. Соңғы суреттен басқасының барлығын аталмыш көрмеде өз көзіңізбен көре аласыз.



ПАЙЫМ

СЫЙЛАСТЫҚ – ҰЛЫ ҰҒЫМ

Ел арасында «Сыйлағанның құлымыз» деп жатады. Аса терең айтылған ой. Бүгінгідей қарбалас заманда осы сөздің тіпті де қадірі артқан сияқты.



Сыйластық үлгісі. Сөзіміз жанды болуы үшін шежірені сөйлетік. Тарихта патша өкіметіне қарсы шыққан Махамбет пен Исатай батырлар өткен. Олардың Отан алдында жасаған ерлігі, батылдығы, батырлығы бөлек әңгіме. Махамбет атамның серігі, жан досы Исатай батырға деген сыйластығы ерекше болғанға ұқсайды. Тіпті, дүниеден өткен

шағында кимауы, өлең арнауы осының дәлелі десек, артық айтпағандық. Барлығын саралағанда, достықтың бастауы сыйластықта тұр дер едік.

Аңыз тілімен... Сондай бір көріністі Кенесары хан туралы аңыздан байқаймыз. Ханның әс-

кері алдындағы абыройы тым биік болыпты. Бірде 500 жасағымен ұрыста жау қоршауында қалыпты. Сонда өзеннен өте алмай жатқан тұста үзегілері оған өз атын ұсынып, қоршаудан шығуға, аман-есен қалуына жандарын салыпты. Осындай шын ықыласты құрмет жиі қайталанғанға ұқсайды. Бірақ Хан Кене еш уақытта өз сарбаздарын жау қолына қалдырмапты. Сыйластықтың айрықша белгісіне осы оқиғаны қалайша жатқызбаймыз?!

Топтау. Бұрынғы ғұламалар «Дүниенің ең тәттісі – сыйластық» депті. Жоғарыдағы мысалдарды топтағандағы шығатын ой осы. Ал сыйластықты білдірудің жолдарын әркім өзі білер.

Сыйлы болу – абырой, сыйлай білу – адамдық демекпіз.

ЖАҢА КІТАП

«Жыраулар сөзі – тарихтың көзі»



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Жаңа кітаптың тұсаукесері Ұлттық кітапханада өтті.



Ежелгі сақ, ғұн дәуірінен бастап, патшалы Ресей кезіндегі жыраулар сөзінен сыр шерткен туынды, қазақ ұлтының салт-дәстүр, тарихы мен жыраулық өнерін, тектілігі мен даналығын айқындап берген.

Хрестоматиялық оқу құралы ретінде жазылған бұл еңбектің тарихи сананы қалыптастыруда үлесі зор болмақ.

«Тәуелсіз елімізде тәуелсіз,

азат болып өмір сүруіміз керек. Тәуелсіздігіміз баянды болуы керек. Құлдық санадан арылуымыз керек. Сол құлдық санадан арылып, ұлттың рухын көтеріп, жас ұрпаққа тарихи санасын қалыптастыру мақсатында осы кітапты жазып шықтым», – деді кітаптың авторы Әбіш Әділбек.

ҚАРЖЫ

АҚША АҚЫЛДЫҒА ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Америкалық философ әрі қаржыгер Бенджамин Франклин «Уақыт – ақша» депті. Жаһан жұрты қағаз ақшаға көшкеннен бастап, ой өзгерді. Кәсіпті дамытып, оны дұрыс жолға қоюды ойластыра бастады. Біртіндеп нарықтық экономикаға көшті. Ол дегеніміз – бұрынғы айырбас саудадан кетудің тікелей жолы еді. Бұл тенденция Орталық Азияға ойысты. Рас, бұған дейін цивилизация бізден шыққан. Ол жөні бөлек бір әңгіме.



келіп тұр. Мобильді іс атқаруды талап ететін заманда, ақшаны табу мен жинау деген екі мәселе алдымызда тұр. Экономист сарапшылардың пікірінше, осы екі типтегі қасиет бір адамның бойынан табылса, жетістік деген сол деп жатады. Қай жағынан алғанда да дұрыс пайым. Бәріміз жұмыс істейміз. Баршамыз айлық табамыз. Әрине, оның мөлшері әркімде әрқалай. Біреу 100 мың табады. Екіншісі одан 10 есе көп алады. Бірақ соны ұсата білуге келгенде де, әркімнің стилі әртүрлі. Мейлі сонша көп тапса да, оны жеткізе алмауы ықтимал. Немесе керісінше, болуы да ғажап емес. Бастысы, әрбір тиынын

жастайынан есептеп, оны жөнімен жаратса, ұтқаны.

Қаржы құрап үйрену. Америкалық кәсіпкер әрі ресторатор Рей Крок «Егер сіз тек ақша үшін жұмыс істесеңіз, оны ешқашан жеткілікті мөлшерде таба алмайсыз. Ал егер жұмысыңызды сүйіп істесеңіз және тұтынушыларыңызды бірінші орынға қойсаңыз, мол табысқа кенелесіз» дейді. Мұны маңызды айтылған дүние қатарына қоса аламыз.

Көбіміз қаржыны табуды білеміз. Бірақ оны жинап, молырақ табудың жөнін келістере алмай далмыз. Кейбір істеріміз далбаса болып жатады. Сондықтан мейлінше жинап үйренуге тырысқан абзал. Ақша тиыннан құралатынын ұмытпағаныңыз жөн.

ТҮЙІН:

Сократ «Ақшасы жоқ адам кедей емес, арманы жоқ адам – кедей» деп нақыл сөз қалдырды. Әлгіндегі ойларды түйіндегенде осыған саяды. Ең негізгісі, ынта болса, бәрі өз ретін табады демекпіз.

ТЕАТР

Маңғыстаудан жеткен қойылым



Мегаполисте Есенғали Раушановтың «Құнанбай мен Абай» шығармасы сахналанды.



Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ

Қойылымды көрермен назарына ұсыну үшін Маңғыстау облыстық Н.Жантөрин атындағы музыкалық драма театрының ұжымы Алматыға арнайы келді. Әкемтеатрда өткен шара қаламгердің дүниеден озғанына бір жыл толуына орай ұйымдастырылған.

«Есенғалиды жұрт ақын ретінде танығанымен, оның табиғат, құстар жөнінде жазған туындылары бар. Ал драматургияға қалам тартқанын жұрт біле бермейді. Бүгін соны жұртқа паш ететін уақыт келді. Бұл – елге, соның ішінде Алматының зиялы қауымына көрсететін туынды», – деді Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Нұрғияз Мұқанов.

Спектакль желісі әке мен баланың о дүниеде кездесіп, сырласуымен өрбиді. Қойылымда Абайдың поэзиясы, ғақлиялары, әндері қолданылады. Жаны мен тәні үйлесім тапқан әке мен бала арасындағы парасатты ой-тұжырымдар, адамгершілік келбет көрсетіледі.

«Жүрегі нәзік еді. «Қодарды өлтіруге пәрмен бергенде сізді жек көріп кеттім» дейді. Адамды өлтіруге болмайды, адамды, дәстүрді қорламай, заңмен жұмыс істеу керек дейді. Мұны бала



мен әкенің сырласуы деуге болады», – деді Маңғыстау облыстық Н.Жантөрин атындағы музыкалық драма театрының актері Сүндет Сәрсен.

Жалпы, спектакльді қоюға 40 адам келген. Музыкалық драма Маңғыстауда 2 жылдан бері қалың көпшіліктің ықыласына ие болып келеді.

«Бұл – Маңғыстаудағы көрермендеріне ұсынып, Есенғали аға өзі көріп, театр сыншыларының алдынан өткен спектакль. Халық қуанып қарсы алатын сүйікті спектакліне, біздің тұрақты репертуарымызға айналды деп айта аламыз», – деді Маңғыстау облыстық Н.Жантөрин атындағы музыкалық драма театры директорының орынбасары Токтамұрат Тілеуұлы.

Есенғали Раушанов бұл спектакльді көзі тірісінде Абайдың 175 жылдығына орай жазған. Қаламгерді еске алу шарасы мұнымен шектелген жоқ. Еліміздің қоғам қайраткерлері мен зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен ас беріліп, рухына Құран бағышталды.

СЕРПІН

ЕҢБЕК ШЫҢҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Халқымыз «Еңбектің наны тәтті» деп тәмсілдейді. Бұған қатысты мысалдар, оқиғалар жетерлік. Соңғы уақытта осы тақырып жиі көтеріліп жүр. Онысы орынды. Тереңірек барғанда, көшенің тазалығы, егіннің бітік болуы, ғылымның өрлеуі – бәрі-бәрі еңбек адамының қолымен жасалады.



болмақ. Мұнымен осындай шаруаны істеуге болмайды деуден аулақпыз. Дегенмен, әрбір адамның өз таңдауы болады.

Көбіміздің көз алдымызға осы сөзді айтқанда жоғарыдағы жұмыстар елестейді. Бірақ ішінара ой еңбегі, қол еңбегі, қажыр-қайратты талап ететін істер, т.б. деп бөлінетіні анық. Былай сараптап қарасаңыз, осылардың бәрін жүрдім-бардым атқарсақ, арғы жағы қалай болмақ? Кім нәтижелі тірлік қылмақ? Мейлінше осыған әркім өзінше талдау жасағаны абзал.

Әлгіден бері бірқатар ойларды қозғадық. Жік-жікке бөліп

топтастырдық. Қысқаша талдадық. Ендігі талқы нәтижеге тіреледі. Жас күнінен бастап бір мекемеде қызмет етсеңіз немесе кәсіп ашып, іс қылсаңыз, пайдасын көресіз. Сөзіміз жанды болу үшін әлемге танымал, жолы болған кәсіпкерлер Джеф Безос, Билл Гейтс, Марк Цукербергті айтуға болады. Бұл атакты жан-дар дүниенің қаржылық, ақпараттық, маркетингтік жүйесінің шыңын ұстап отырғандар. Осыларды танитын, істеріне еліктейтін, ұқсап баққысы келетіндер миллиондап саналады. Нағыз өз ісінің шеберлері десек, дөп меңзегендік болар еді.

— P.S.

Америкалық мемлекет қайраткері әрі дипломат, ғалым Бенджамин Франклин «Еңбек – бақыттың атасы» дейді. Тобықтай сөздің түп атасын осылай түйіндеуге болады. Арғы жағын әркім өзі пайымдайды демекпіз.

Әзірлеген
Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

Еңбек ете білу – өнер һәм өмір. Реті келген шаруаны атқара беруге болады. Бірақ оның аражігін ажыратып, мақсатты жұмыс жасау екінші бір әңгіме саналады. Таңнан кешке дейін жер қазып, тас қырып, ауыр көтеруге де қауқар керек. Десе де, өмірбақи мұны қайталап, түк өндірмесеңіз, түбі құр далбаса

ДҮЙСЕНБІ
4 СӘУІР

Almaty™ АЛМАТЫ

06.00 Алматы кеші
07.00 Әсем әуен
08.00 Таңғы студия
10.00 Мультфильм
12.00 Үздік әзілдер
12.30 Телехикая. «Ғауһар»
16 серия
13.30 Телехикая. «Гюмюш»
47 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Мультфильм
16.10 Телесериал. «Женский доктор-2»
18.10 Әсем әуен
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Ораза уағыз
20.00 Басты назарда (тікелей эфир)
20.35 Телехикая. «Гюмюш»
48 серия
22.05 Телехикая. «Ғауһар»
16 серия
23.05 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
0.05 Телехикая. «Сенім»
18 серия
1.05 Сәуле-ғұмыр
2.05 Өмір иірімі
2.45 Дала сазы
3.15 Алматинские истории
3.40 Алматинские каникулы
4.10 Алматы тұнған тарих
4.30 Алматы кеші
5.45 Әнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Ұлы дала дүбірі». Деректі фильм
6.25 «Másele». Әлеуметтік-сараптамалық бағдарлама.
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Дениз». Телехикая.
11.05 «Гүлдер құпиясы». Телехикая.
12.00 «Ауыл мұғалімі». Телехикая.
13.00 AQPAPAT
13.10 «Қызық екен...»
13.50 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир
15.00 AQPAPAT
15.15 «Арта». Сараптамалық бағдарлама.
16.10 «Шабдалы 18». Телехикая.
17.00 AQPAPAT
17.15 «Қызық екен...»
18.00 «ДЕНИЗ». Телехикая.
19.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21.30 «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ». Телехикая.
22.30 «ЖАТ МЕКЕН». Телехикая.
23.30 ТҰСАУКЕСЕР! «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0.35 AQPAPAT
1.10 «Ashyq alaŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу.
2.00 «Ұлы дала дүбірі». Деректі фильм.
2.30 Әнұран

ХАБАР

5.00 ҚР Әнұраны
5.00 Discovery. Сквозь червоточину с Морганом Фрименом
7.00 Тікелей эфирде «Таңғы хабар»
10.00 Мегахит.
12.00 Телехикая. «Бәсеке 2»
13.00 Телехикая. «Бөлелер»
15.00 «Бүгін». Тікелей эфир

16.00 Discovery. Сквозь червоточину с Морганом Фрименом
18.00 Мегахит.
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Негізінде»
20.35 Тұсаукесер! «Ерекше бақылауда»
20.45 Тұсаукесер! «Басқа тақырып»
21.00 Итоги дня
21.30 Премьера! В прямом эфире «По сути»
21.35 Телехикая. «Бекзат»
22.30 Тікелей эфирде «Түнгі хабар»
0.00 «Менің тағдырым» деректі драмасы
1.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Ризамын
07.30 Информбюро (повтор)
08.30 Мультсериал «Три кота»
09.00 Мультсериал «Маша и медведь»
10.30 «31 әзіл»
11.00 Үнді сериалы «Ханшайым»
12.00 Корейский сериал «Тайная любовь»
13.30 Мультсериал «Тимон и Пумба»
14.30 Мультсериал «Маша и медведь»
14.50 КИНО. Джеки Чан в боевике «Городской охотник» (повтор)
17.00 Т/сериал «СеняФедя» (повтор)
18.30 Т/сериал «СеняФедя» (русс./каз.)
20.00 Информбюро
21.00 Түрік сериалы «Ұшқан ұя»
21.55 КИНО. Антонио Бандерас в триллере «Незнакомец»
23.45 Үнді сериалы «Анупама»
01.00 Үнді сериалы «Ханшайым» (қайталау)
01.40 Сериал «Базарбаевтар»
03.00 Әзіл студия
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
7.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
8.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
9.00 «ПОЛЕ ЧУДЕС»
10.15 «АМЕТИСТОВАЯ СЕРЕЖКА». Многосерийный фильм
14.00 «НОВОСТИ»
14.15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы.
18.30 Тікелей эфир «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.4 Дмитрий Паламарчук, Антон Васильев в многосерийном фильме «НЕВСКИЙ»
0.10 Андрей Смоляков, Марина Александрова в фильме «МОСГАЗ». Новое дело майора Черкасова. Катран
1.10 Ночной кинотеатр. «ОХОТА НА ИЗЮБРЯ»
2.00 «НОВОСТИ»
2.15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2.30 «П@УТИНА» бағдарламасы
3.15 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.45 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
До 04.30



7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Jaidarman
08.00 Т/х «Серт пен сезім»
09.00 Х/с «Женский доктор»
10.00 Т/с «Гадалка»
10.30 Т/с «Незакрытая мишень»
12.30 Скетчком «Q-елі»
13.20 Т/х «Бастық боламын»
14.20 Т/х «Серт пен сезім»
15.20 Т/х «Көзайым»
16.20 Т/с «Гадалка»
17.30 Х/с «Женский доктор»
18.30 «Aibat»
19.00 Вечерняя программа «Студия 7»
19.30 Х/с «Незакрытая мишень»
21.30 Т/х «\$әке 2»
22.30 Т/х «Қадам»
23.10 Т/х «Бастық боламын»
00.10 Т/с «Гадалка»
00.50 «Aibat»
01.25 «Студия 7»
01.50 «ОЯН, QAZAQSTAN» Music
02.30 Т/п «Тамаша 7 км»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 Т/п «Айна-online»
05.00 Т/п «Қуырдақ»



КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
07.30 «АМАНАТ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
09.50 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ», реалити-шоу (повтор)
10.50 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу
11.50 «ПОЛИЦЕЙСКИЙ РОМАН», криминальная мелодрама (повтор)
13.40 «ОТРЕЧЕНИЕ», детективная мелодрама
18.30 «ТОҒЖАН», телехикая. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «OZAT OTBASY», ток-шоу. Тұсаукесер!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «В ПЛЕНУ У ПРОШЛОГО», мелодрама.
23.35 «ВОЛК», остросюжетный детектив. Премьера!
01.20 «ОТРЕЧЕНИЕ», детективная мелодрама (повтор)
02.50 «АМАНАТ», өзбек телехикаясы (қайталау)
03.50-
04.20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

7.00 Әнұран
7.05 «ЖҰЛДЫЗБЕН ЖАТТЫҒУ». Ермахан Ибраимов, Әкежан Біләлов
7.15 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Каспий» – «Ордабасы»
9.15 «СЕРГЕКТИК СЫРЫ». 1-бағдарлама
9.30 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. (Ерлер). 4 тур. «Есіл СК» – «Тараз»
11.10 «PRO FOOTBALL». Лига чемпионов УЕФА. Превью матчей
11.45 «Табиғат аясындағы тамаша спорт». 12-бөлім. Деректі фильм
12.10 ЗИМНИЕ ОЛИМПИЙСКИЕ ИГРЫ ПЕКИН 2022. ФИГУРНОЕ КАТАНИЕ. Парные. Произвольная программа. Финал

14.50 «Бронзовая Паралимпиада Герлица». Специальный репортаж
15.10 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
15.35 «Сегізбұрыштағы жауынгерлер айқасы». Арнайы репортаж
15.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Ақжайық» – «Қайрат». Тікелей эфир
18.00 «PRO FOOTBALL». УЕФА Чемпиондар лигасы. Матчтар қарсаңында «Дарабоздар «Аспанда» дараланды». Арнайы репортаж
18.35 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Тобол» – «Туран». Тікелей эфир
21.00 ФУТБОЛ. «Тур по туру». Прямой эфир
21.40 «SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарламасы
22.15 ММА «OCTAGON 26»
1.25 ПЕКИН 2022. Паралимпиада ойындарының қорытынды күнделігі
Әнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
7.45 «Сиқырлы ас үй» Мультхикая.
8.05 «Тыңшы пингвиндер» Мультхикая.
8.30 Анимация. Отандық / «Сәби»
9.00 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
9.30 «Миканың күнделігі» Мультхикая.
9.45 «Зак дауыл» Мультхикая.
10.10 «Қазына іздеушілер» Мультхикая.
10.40 «Алақай, балақай!» спорттық ойын-сауық бағдарламасы
10.50 «Балапан жұлдыз» музыкалық бағдарламасы
11.05 «Винкстер клубы» Мультхикая.
11.30 «Құпия кітап» ситкомы
11.55 Анимация. Отандық / «Жібек»
12.05 Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
12.20 Анимация. Отандық / «Томпи»
12.30 Анимация. Отандық / «Ырысты ыдыстар»
12.50 «Питер Пэн» Мультхикая.
13.40 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
14.20 «Теңбіл доп» телехикаясы
15.05 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
15.15 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
15.35 «Супер Зак» Мультхикая.
16.00 Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
16.15 «Өнертапқыш» танымдық жобасы
16.25 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
16.50 «Виспер» Мультхикая.
17.00 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
17.15 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
17.35 Анимация. Отандық / «Сарбаздар»
17.45 «Венди» Мультхикая.
18.10 «Құпия кітап» ситкомы
18.35 «Питер Пэн» Мультхикая.
19.00 Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
19.15 Анимация. Отандық / «Көжектер»

19.35 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
20.05 Анимация. Отандық / «Ырысты ыдыстар»
20.20 «Теңбіл доп» телехикаясы
21.10 Анимация. Отандық / «Тәп-тәтті хикая»
21.30 «Балапан жұлдыз» музыкалық бағдарламасы
21.45 Анимация. Отандық / «Тынымсыз шөжелер»
21.55 Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
22.10 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.25 Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
22.40 Анимация. Отандық / «Жібек»
22.50 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
23.10 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
23.35 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

TALIM TV TALIMTV

07.05 Сүбелі сөз (Қазақша) – сұхбат
07.40 Syrym story
08.10 Қазақ спорты
09.00 «Сырласайық» – Қайталау
10.00 Ем болсын
10.10 Қалақай
10.30 Dara til
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе» – Қайталау
12.00 Ем болсын
12.20 Ғибратты ғұмырлар
13.10 Ем болсын
13.20 Абайдың жолы
14.10 Talim Speakers
14.50 Ем болсын
15.00 «Сырласайық» – Тікелей эфир
16.00 «Үлкен үй» – телехикая
17.10 «Summary 100 кітап»
17.40 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.00 Қазақ спорты
19.00 Тәтті time – Рамазан
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Маңызды мәселе» – Тікелей эфир
21.00 «Үлкен үй» – телехикая
22.00 Руханият
22.30 По душам
23.00 Рухани байлық
23.30 «По душам» – Психологиялық бағдарлама



АСТАНА

06.00 «Белгісіз жан» түрік телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» М/ф
09.20 «Қарындасым, қарлығашым» үнді телехикаясы
11.20 «Ұлым» түрік телехикаясы
12.20 «Сарай жауһары» корей телехикаясы
13.30 «Астана кеші көңілді»
14.30 «Шыңғыс хан» телехикаясы
15.30 «Келіндер» телехикаясы
17.00 «100% махаббат» телехикаясы
17.35 «Кішкентай келін» түрік телехикаясы
18.30 «ЕНЕ» үнді телехикаясы
20.00 «Astana times»
21.00 «Қара ниет» түрік телехикаясы
21.55 «Қарындасым, қарлығашым» үнді телехикаясы
23.50 «Сарай жауһары» корей телехикаясы
01.15 «Сүлеймен Сұлтан» түрік телехикаясы
03.10 «Ұлым» түрік телехикаясы
03.50 «Шыңғыс хан» телехикаясы
04.35 «Astana times»
05.30 «Келіндер» телехикаясы



СЕЙСЕНБІ 5 СӘУІР

Almaty™ АЛМАТЫ

06.00	Алматы тұнған тарих
6.30	Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
7.30	Әсем әуен
08.00	Таңғы студия
10.00	Мультфильм
12.00	Үздік әзілдер
12.30	Телехикая. «Gaynar» 17 серия
13.30	Телехикая. «Гюмюш» 48 серия
15.00	Күндізгі жаңалықтар
15.15	Дневные новости
15.30	Мультфильм
16.10	Телесериал. «Женский доктор 2»
18.10	Әсем әуен
19.00	Қорытынды жаңалықтар
19.30	Итоговые новости
20.00	Ораза уағыз
20.10	Басты назарда (тікелей эфир)
20.45	Телехикая. «Гюмюш» 49 серия
22.15	Телехикая. «Gaynar» 17 серия
23.15	Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
0.15	Телехикая. «Сенім» 19 серия
1.15	Сәуле-ғұмыр
2.15	Өмір иірімі
2.55	Дала сазы
3.25	Алматинские истории
3.50	Алматинские каникулы
4.20	Алматы тұнған тарих
4.40	Алматы кеші
5.55	Әнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00	Әнұран
6.05	«Дала өркениеті». Деректі фильм.
6.25	AQPARAT
7.00	«TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00	AQPARAT
10.10	«Дениз». Телехикая.
11.05	«Гүлдер құпиясы». Телехикая.
12.00	«Ауыл мұғалімі». Телехикая.
13.00	AQPARAT
13.10	«Қызық екен...»
13.50	«ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир
15.00	AQPARAT
15.15	«Біздің полиция»
15.35	«АУЫЛДАСТАР»
16.10	«Шабдалы 18». Телехикая.
17.00	AQPARAT
17.15	«Қызық екен...»
18.00	«ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая.
20.00	AQPARAT
20.35	«ASHYQ ALAN». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21.30	«АУЫЛ МҰҒАЛІМІ». Телехикая.
22.30	«ЖАТ МЕКЕН». Телехикая.
23.30	«1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0.35	«Көңіл толқыны»
0.50	ФУТБОЛ. УЕФА ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫ. «БЕНФИКА» (Португалия) – «ЛИВЕРПУЛЬ» (Англия). Тікелей трансляция
2.55	Әнұран

ХАБАР

5.00	ҚР Әнұраны
5.00	Discovery. Сквозь червоточину с Морганом Фрименом
7.00	Тікелей эфирде «Таңғы хабар»
10.00	Мегахит.
12.00	Телехикая. «Бәсеке 2»
13.00	Телехикая. «Бөлелер»
15.00	«Большая неделя». Прямой эфир

16.00	Discovery. Сквозь червоточину с Морганом Фрименом
18.00	Мегахит.
20.00	Қорытынды жаңалықтар
20.30	Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Негізінде»
20.35	Тұсаукесер! «На особом контроле»
20.45	Тұсаукесер! «Другие новости»
21.00	Итоги дня
21.30	Премьера! В прямом эфире «По сути»
21.35	Телехикая. «Бекзат»
22.30	Тікелей эфирде «Түнгі хабар»
0.00	«Менің тағдырым» деректі драмасы
1.00	ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

05.58	ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00	Әзіл студия
07.00	Ризамын
07.30	Информбюро (повтор)
09.00	Мультсериал «Маша и медведь»
10.30	«31 әзіл»
11.00	Үнді сериалы «Ханшайым»
12.00	Корейский сериал «Тайная любовь»
13.30	Мультсериал «Тимон и Пумба»
14.30	КИНО. Джерард Батлер в боевике «Хантер Киллер» (повтор)
17.00	Т/сериал «СеняФедя» (повтор)
18.30	Т/сериал «СеняФедя» (русс./каз.)
20.00	Информбюро
21.00	Түрік сериалы «Ұшқан ұя»
21.55	КИНО. Сильвестр Сталлоне в боевике «Рэмбо. Первая кровь»
00.00	Үнді сериалы «Анулама»
01.15	Үнді сериалы «Ханшайым» (қайталау)
02.00	Сериал «Базарбаевтар»
03.30	Әзіл студия
04.30	What's up?
05.00	Ризамын

ЕВРАЗИЯ

6.00	«ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
7.00	«ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
8.00	«ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
9.00	«НА САМОМ ДЕЛЕ»
10.00	«ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
11.10	«МОСГАЗ». Новое дело майора Черкасова. Катран
12.10	Павел Баршак, Матвей Зубалевич в многосерийном фильме «КОНТАКТ»
14.00	«НОВОСТИ»
14.15	«ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30	«QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир
18.30	«БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00	«KOREMIZ» бағдарламасының тұсаукесері
20.00	«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.40	Дмитрий Паламарчук, Антон Васильев в многосерийном фильме «НЕВСКИЙ»
0.10	Андрей Смоляков, Марина Александрова в фильме «МОСГАЗ». Новое дело майора Черкасова. Катран
1.10	Ночной кинотеатр. «ОХОТА НА ИЗЮБРЯ»
2.00	«НОВОСТИ»
2.15	«ЖАҢАЛЫҚТАР»
2.30	«P@UTINA» бағдарламасы
3.15	«БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.45	«ТАМАША CITY» бағдарламасы
До	04.30

7-КАНАЛ

06.00	Т/п «Қуырдақ»
07.00	Jaidarman
08.00	Т/х «Серт пен сезім»
09.00	Х/с «Женский доктор»
10.00	Т/с «Гадалка»
10.30	Т/с «Незакрытая мишень»
12.30	Скетчком «Q-елі»
13.20	Т/х «Бастық боламын»
14.20	Т/х «Серт пен сезім»
15.20	Т/х «Көзайым»
16.20	Т/с «Гадалка»
17.30	Х/с «Женский доктор»
18.30	«Aibat»
19.00	Вечерняя программа «Студия 7»
19.30	Х/с «Незакрытая мишень»
21.30	Т/х «\$өке 2»
22.30	Т/х «Қадам»
23.10	Т/х «Бастық боламын»
00.10	Т/с «Гадалка»
00.50	«Aibat»
01.25	«Студия 7»
01.50	«ОЯН, QAZAQSTAN» Music
02.30	Т/п «Тамаша 7 км»
03.30	Т/х «Япырай»
04.00	Т/п «Айна-online»
05.00	Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00	ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05	КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30	«АМАНАТ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
09.50	«ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ», реалити-шоу
10.50	«OZAT OTBASY», ток-шоу (қайталау)
11.50	НОВОСТИ (повтор вечернего выпуска)
12.30	«В ПЛЕНУ У ПРОШЛОГО», мелодрама (повтор)
14.20	«ВОЛК», остросюжетный детектив (повтор)
16.30	«ОТРЕЧЕНИЕ», детективная мелодрама
18.30	«ТОҒЖАН», телехикая. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
19.30	КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00	«OZAT OTBASY», ток-шоу. Тұсаукесер!
21.00	ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40	«В ПЛЕНУ У ПРОШЛОГО», мелодрама.
23.35	«ВОЛК», остросюжетный детектив. Премьера!
01.20	«ОТРЕЧЕНИЕ», детективная мелодрама (повтор)
02.50	«АМАНАТ», өзбек телехикаясы (қайталау)
03.50-	
04.20	КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

7.00	Әнұран
7.05	«ЗВЕЗДНАЯ РАЗМИНКА». Бауыржан Исламхан, Ситора Алиязрова
7.15	ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Қызыл-Жар» – «Ақсу»
9.15	«ГАРМОНИЯ ТЕЛА». 2-программа
9.25	«PRO FOOTBALL». УЕФА Чемпиондар лигасы. Матчтар қарсаңында
10.00	ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. (Ерлер). 4 тур. «Алтай» – «Ұшқын-Көкшетау»
11.30	«SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарламасы
12.05	«Сегізбұрыштағы жауынгерлер айқасы». Арнайы репортаж

12.20	ДЗЮДО. Grand Slam. Анталья
14.20	«СҰХБАТ». Әсем Құнақбаева
15.00	ЗИМНИЕ ОЛИМПИЙСКИЕ ИГРЫ ПЕКИН 2022. ФИГУРНОЕ КАТАНИЕ. Гала концерт
17.25	«PRO FOOTBALL». Лига чемпионов УЕФА. Превью матчей
17.55	ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа мен Конференция Лигасының журналы
18.45	Арнайы репортаж
19.00	MMA «OCTAGON 29»
23.40	«SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарламасы
0.15	«PRO FOOTBALL». УЕФА Чемпиондар лигасы. Матчтар қарсаңында
0.50	ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасы. «Манчестер Сити» (Англия) – «Атлетико» (Испания) Тікелей эфир
2.50	«Дарабоздар «Аспанда» дараланды». Арнайы репортаж
3.05	Әнұран

balapan BALAPAN

7.00	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05	«Қырық төрт мысық» Мультхикая.
7.45	«Сиқырлы ас үй» Мультхикая.
8.05	«Тыңшы пингвиндер» Мультхикая.
8.30	Анимация. Отандық / «Сәби»
9.00	Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
9.30	«Миканың күнделігі» Мультхикая.
9.45	«Зак дауыл» Мультхикая.
10.10	«Қазына іздеушілер» Мультхикая.
10.40	«Алақай, балақай!» спорттық ойын-сауық бағдарламасы
10.50	«Балапан жұлдыз» музыкалық бағдарламасы
11.05	«Винкстер клубы» Мультхикая.
11.30	«Күпия кітап» ситкомы
11.55	Анимация. Отандық / «Жібек»
12.05	Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
12.20	Анимация. Отандық / «Томпи»
12.30	Анимация. Отандық / «Ырысты ыдыстар»
12.50	«Питер Пэн» Мультхикая.
13.40	«Қырық төрт мысық» Мультхикая.
14.20	«Теңбіл доп» телехикаясы
15.05	Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
15.15	Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
15.35	«Супер Зак» Мультхикая.
16.00	Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
16.15	«Өнертапқыш» танымдық жобасы
16.25	«Мумилер өлкесі» Мультхикая.
16.50	«Виспер» Мультхикая.
17.00	«Баданаму хикаялары» Мультхикая.
17.15	Анимация. Отандық / «Балақайлар»
17.35	Анимация. Отандық / «Сарбаздар»
17.45	«Венди» Мультхикая.
18.10	«Күпия кітап» ситкомы
18.35	«Питер Пэн» Мультхикая.
19.00	Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
19.15	Анимация. Отандық / «Көжектер»
19.35	Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»

20.05	Анимация. Отандық / «Ырысты ыдыстар»
20.20	«Теңбіл доп» телехикаясы
21.10	Анимация. Отандық / «Тәп-тәтті хикая»
21.30	«Балапан жұлдыз» музыкалық бағдарламасы
21.45	Анимация. Отандық / «Тынымсыз шөжелер»
21.55	Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
22.10	«Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.25	Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
22.40	Анимация. Отандық / «Жібек»
22.50	Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
23.10	Анимация. Отандық / «Балақайлар»
23.35	«Маймылдар мекені» Мультхикая.
23.55	«Бесік жыры» – Әнұран
0.00	Эфирдің жабылуы

TALIM TV TALIMTV

07.05	Рухани байлық
07.40	Балалық шаққа саяхат
08.10	Қышқыл мысқыл
09.00	«Сырласайық» – Қайталау
10.00	Ем болсын
10.10	«Ерте, ерте, ертеде...» – Балалар уақыты
10.30	Orken style
10.50	Ем болсын
11.00	«Маңызды мәселе» – Қайталау
12.00	Ем болсын
12.20	Talim Speakers
13.10	Ем болсын
13.20	«Идея»
14.30	«Саморазвитие» – Маржан коуч
14.50	Ем болсын
15.00	«Сырласайық» – Тікелей эфир
